



РУХАНИЯТ



ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

тарихы әріде жатыр

9

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ



КӨКТӨБЕ ТӨРІНДЕ

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



«ӘБДІКЕЙ» АМАЛЫ

22

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.03.2023

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр), тұман.

Күндіз:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр), тұман.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 15 м/с

17.03.2023

Түнде:



0,+2 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр), тұман.

Күндіз:



+7+9 °C

Бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе жаңбыр), тұман.



Желдің жылдамдығы:
3-8, екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №36 (6329) 16 наурыз, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

АҚОРДА

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ

жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды



Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, кеше Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру аясында қабылданған Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспарының орындалу мәселелері қарастырылды.

Отырыс барысында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр баяндама жасады, сондай-ақ бірқатар мүдделі мемлекеттік орган басшылары мәлімет берді. Мемлекет басшысы қазіргі жағдайда сын-қатерлер мен ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіпке объективті баға беріп, тиісті шараларды әзірлеу қажет екенін атап өтті.

Жиын соңында ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің алдын алу және ұлттық мүддені қорғау жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ТЕГІН КӨШЕТ АЛЫҢЫЗ!

Шаһарда «Жасыл аула» науқаны басталады



Алматының Экология және қоршаған орта басқармасы тұрғындарға тегін көшет таратуға арналған «Жасыл аула» акциясының басталғанын хабарлайды. Көпқабатты үйлер ауласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға ниетті әрбір алматылық шегірін, сәнағаш, шаған мен қайыңның көшеттерін тегін ала алады.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы бірқатар Заңдарға қол қойды.
- Президент Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады.
- Сенатта отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін заңнаманы қатаңдату ұсынылды.
- «Мұхтар Әуезов–125» және «Ахмет Байтұрсынұлы–150» коллекциялық монеталары сатылымға шықты.
- Мемлекеттік қызмет пен азаматтарға қызмет көрсетудің сервистік моделін енгізу ұсынылды.
- Алматыда ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің XXXVII мәжілісі басталды.
- Биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске асыруға 200 млрд.-қа жуық қаржы бөлінеді.
- 2 ақпан – Ұлттық басылым күні мерекесі болып бекітілуі мүмкін.

www.almaty-akshamy.kz



4

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевты қабылдады.

Президентке өңірдің 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды. Тұрғын үй құрылысы, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, жол инфрақұрылымының, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жай-күйі, оның ішінде өңірдің газбен қамтамасыз етілуі жөнінде мәлімет берілді. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының даму барысы жөнінде баяндалды.

Кездесу барысында облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамыту шараларына баса назар аударылды. Атап айтқанда, игерілмей жатқан жерлерді қайтарып, ауыл шаруашылығы айналымына қосу, ирригация жүйелерін қалпына келтіру және инновациялық агротехнологияларды қолдану арқылы егін өнімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Бейбіт Исабаевқа инвестиция тарту үшін туризм, көлік және логистика салаларының әлеуетін барынша тиімді пайдалануды тапсырды.

■ СЕНАТ

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары «ҚР Әлеуметтік кодексі», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «ҚР кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы» және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексіне өзгерістер енгізу туралы» заң жобаларын талқылады.

Әлеуметтік кодекс азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, сондай-ақ жүйені алдын алу шаралары мен әлеуметтік тәуекелдердің алдын алуға қайта бағдарлауға бағытталған. Құжатта балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары, табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және басқа мәселелер көрсетілген.

Кодекске ілеспе заң жобаларының міндеті – осы саладағы нормативтік құқықтық базаға маңыз беру және реформалау болып табылады. Жоғарыда аталған ережелерді іске асыру бір мезгілде 9 кодекс пен 41 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, бірқатар құжаттарда зейнетақымен қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнайы мемлекеттік қызметтер және тағы басқалары туралы заңнамаға сілтеме нормаларын өзгерту мәселелері қарастырылған.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Қытаймен шекарадағы өткізу бекеттері арқылы жүк автокөлік құралдарының өтуін жеделдету жөніндегі шаралар талқыланды.

Бүгінгі таңда «Нұр Жолы» бақылау-өткізу бекетінде коммерциялық жүктерді өткізетін тасымалдаушылардан ұзын-сонар кезек қалыптасқаны атап өтілді. Атап айтқанда, бұған Қытайдың ковидке байланысты қойған көлік шектеулерін алып тастауы тікелей әсер етіп, нәтижесінде арадағы жүк тасымалы ұлғайған еді. Бұл кезек электронды түрде ҚР ҚМ «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ платформасында Qoldau.kz сайты арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, әкімшілік кедергілерді қоса алғанда, бірқатар факторға байланысты өткізу бекеті толық күшін пайдаланып жатқан жоқ, тәулігіне 100-ден аспайтын жүк көлігіне қызмет көрсетіледі.

Өз кезегінде бұл жабықтар мен құрамдас бөлшектерге мұқтаж инвестициялық жобаларды іске асыруға кері әсер етеді және жалпы ел экономикасының дамуын тежейді. Премьер-Министр үш күн мерзімде жасанды кедергілерді жою бойынша нормативтік өзгерістер дайындауды тапсырды, бұл шекарадағы орынсыз кедергілерді жедел жоюға және осылайша тәулігіне мыңға жуық автокөлікті өткізуге мүмкіндік береді. «Бүгін-ерте осы кедергілердің барлығын алып тастау керек. Егер осы бекет арқылы мың машинаны өткізу қажет болса, оны қамтамасыз ету керек. Бизнес бізден көмек сұрап жатыр. Адамдардың жүктері бекетте тұр, олар шарасыз күйде», – деді Әліхан Смайылов. Бұдан басқа уәкілетті органдарға осындай кезектің жинақталып қалуына жауаптылар туралы ақпарат ұсыну және шекара бекеттерінің өткізу қабілетін одан әрі арттыру жөніндегі шараларды пысықтау тапсырылды.

■ БЮДЖЕТ

Үкімет отырысында 2023 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен республикалық бюджеттің атқарылуының қорытындылары қаралды.

ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың айтуынша, есептік кезеңде Қазақстан экономикасының осу қарқыны 4,3%-ды құрады. Оның ішінде, нақты сектор 2,7%-ға, қызмет көрсету саласы 5%-ға өсті. Негізгі салалардың барлығында оң динамика байқалып отыр, әсіресе, құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс салалары ең жоғары өсім көрсетті. Негізгі капиталға инвестициялар ағыны 19,2%-ды құраған. Үкімет басшысы ел экономикасы жыл басынан бері орнықты өсім көрсетіп келе жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, нақты секторда оң және тұрақты динамика байқалады. Есепті кезеңде барлық негізгі макроқорсеткіштер бойынша оң динамика Абай, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Павлодар облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында байқалады. Өңірлердегі бизнес-бастамаларды қолдау мақсатында Алматы мен Шымкент қалаларының тәжірибесіне сүйене отырып, индустриалды аймақтар мен шағын өнеркәсіптік паркттерді одан әрі дамытуға маңыз берілді. «Бизнеспен тұрақты түрде диалог жүргізіп, олар көтерген барлық түйткілді мәселелерді шешу қажет. Нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халықтың нақты табысын арттыру негізгі басымдық», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

■ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын тексеру аясында 46 мыңға жуық заң бұзушылық анықталды – Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Салауат Мүксімов мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау және мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы айтып берді. Спикердің айтуынша, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылауды қамтамасыз ету аясында 756 тексеріс жүргізіліп, 46 мыңға жуық заң бұзушылық анықталды. 602 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке, 305 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сондай-ақ, талдау және мониторинг негізінде 21 орталық мемлекеттік органға және «Ұлттық аппараттық технологиялар» АҚ бұзушылықтардың алдын алу және қызмет алушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған 1200-ден астам ұсыныс жіберілді. «Бюрократияға алып келетін, яғни мемлекеттік қызметтің көрсетілу мерзімін негізсіз ұзартып, ұлғайтатын мемлекеттік қызмет келісу рәсімдерінің орындылығына уәкілетті орган тиісті сараптама беруі тиіс», – деді спикер. Оның айтуынша, мерзімді сипаттағы 374 мемлекеттік қызмет көрсетуді мерзімсіз форматқа ауыстыру қажет. Бұл қызмет алушыларды қолдану мерзімі өткеннен кейін қайтадан осы қызметтерге жаппай жүгінуге деген мәжбүрліктен құтқарады.

Мемлекет басшысының мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Жарлығын іске асыру шеңберінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызмет пен азаматтарға қызмет көрсетудің сервистік моделін енгізуді ұсынады. Спикердің айтуынша, мемлекеттік қызмет көрсетудің бас тартылмайтын рәсімдеріне көшуді жүзеге асыру ұсынылады. Яғни ресми негіздер бойынша бас тартудың барлық мүмкіндігін жоққа шығару қажет. Екіншілден, субъективті құқық нысанасына жатпайтын жағдайларды мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз ретінде пайдалануға тыйым салу ұсынылады. Бұдан басқа, алдын ала өтініш беру жүйесін, сондай-ақ құқықтық мирасқорлық және өкілдік институтын енгізу тетігі пысықталуда.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

■ ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ

Анкараға жұмыс сапарымен барады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 16 наурызда Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитіне қатысу үшін Анкараға жұмыс сапарымен барады.

Іс-шара барысында Ұйымның апат пен төтенше жағдайлар менеджменті және гуманитарлық көмек саласындағы қызметінің басым бағыттары, соның ішінде табиғи апаттарға қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастықты үйлестіруге және нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады.

Сапар барысында Мемлекет басшысы Түркия Президентімен кездесу өткізеді деп жоспарланып отыр. «АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ТҰЖЫРЫМДАМА

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ

тұжырымдамасының негізгі идеясы – «Жастар үшін» парадигмасын «Жастармен бірге» бағытына ауыстыру

Үкіметте қаралған 2023–2029 жылдарға арналған Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы бойынша баяндама жасаған Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі нақты да сындарлы бағдарлар ұсынды. Тұжырымдаманың негізгі идеясы – «Жастар үшін» парадигмасын «Жастармен бірге» бағытына ауыстыру екенін, аталған құжаттың жастарды жан-жақты қолдау мақсатында 7 бағыттан тұратынын қадап айтты. Нәтижесінде тұжырымдаманы іске асырудағы негізгі басымдықтар белгіленді. Сонымен, жастарды елеңдеткен жеті бағыт бағдарлары қандай? «АҚШАМ-АҚПАРАТ» осы бағдарлар жайлы айтылған Үкімет отырысындағы министр тұжырымдарын саралап, шолу жасап көрді.

БІРІНШІ: «Жастар және ауыл» бағыты

Бүгінде жастардың 43,7%-ы ауылда тұрады. Тұжырымдамада ауыл жастарының кәсіби дамуына, сондай-ақ кәсіпкерлік арқылы олардың әлеуетін іске асыруға бас назар аударылады. Сонымен қатар, кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізіледі. «Жоғарыда аталған шаралар аясында 2029 жылға дейін 1 млн ауыл жастарын жұмыспен қамту, 1,5 млн жастың цифрлық сауаттылығын арттыру, 3,8 млн жасты ресурстық орталықтар арқылы әлеуметтік қызметтермен қамту көзделген», – деді Дархан Қыдырәлі.

ЕКІНШІ: «Азаматтық қатысу және шешім қабылдауға атсалысу» бағыты

Мемлекет басшысының саяси реформалары аясында бекітілген жастарға арналған 30% квота олардың саяси белсенділігін арттыруға серпін берді. Министрдің айтуынша, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жастарды мектеп пен студенттік кезден өзін-өзі басқаруды, пікірталастарды дамытудан бастап, мемлекеттік органдардың қоғамдық кеңестеріне қатысуға дейінгі шешімдер қабылдау процесіне біртіндеп тартуды көздеп отыр.

Нәтижесінде 2029 жылға дейін қоғамдық кеңестердегі жастар квотасын 20%-ға арттыру, жас мемлекеттік қызметшілердің көрсеткішін 25%-ға ұлғайту, 2,2 млн жасты волонтерлік, қайырымдылық және



экологиялық бастамаларға тарту жоспарлануда.

ҮШІНШІ: «Заманауи құндылықтар және патриоттық тәрбие» бағыты

Тұжырымдамада мемлекеттік тілде заманауи зияткерлік ойындарды насихаттау, отбасын қолдау орталықтарын жетілдіру, сондай-ақ жастар арасында өз мемлекетін қорғауға дайындықты нығайту жұмыстары іске асырылады. 2029 жылға дейін «Айбын», «Найза» ойындарына қатысушылар саны 22 мыңға, әскери музейлерге баратын жастардың санын 75 мыңға артады және 880 мың жас әскери-спорттық іс-шараларға қатысады деп жоспарлануда.

ТӨРТІНШІ: «Салауатты өмір салты» бағыты

Ақпарат және қоғамдық даму министрінің айтуынша, жастарды бұқаралық спортқа тарту үшін спорттық инфрақұрылымды дамыту да жүргізіледі. Нәтижесінде жастардың репродуктивті денсаулығының алдын алу және қолдау мәдениетіне көңіл бөлінеді. АИТВ-инфекциясына тегін тестілеумен қамту және осы проблеманың алдын алу кеңейтіледі. Сондай-ақ, өңірлердегі 2 мыңнан астам спорттық жастар клубының инфрақұрылымын әрі қарай дамыту қарастырылуда. Салауатты өмір салтын насихаттауға арналған 6 мыңнан жуық ақпараттық телеөнім әзірленіп, жарияланады. Жастар денсаулығы орталықтарында жастарды психикалық және репродуктивті денсаулықтың профилактикасымен қамту үлесі 3 млн-ға дейін ұлғаяды.

БЕСІНШІ: «Жастар әлеуеті және кәсіпкерлік» бағыты

Жұмысқа уақытша орналаспаған жастар көрсеткішін төмендету мақсатында кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша еріктілер жобалары іске асырылады. Тұрақты негізде NEET санатындағы жастардың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқатына жүйелі мониторинг жүргізіледі. Нәтижесінде NEET санатындағы

жастардың үлесі 6,7%-дан 3,5%-ға дейін төмендейді. Сондай-ақ, 2029 жылға дейін 18,2 мың жасқа жеңілдетілген несие беріледі. Пысықтау нәтижесінде қосылған индикаторлардың бірі – жастарды жұмыспен және жоғары біліммен қамту. Нақтырақ айтқанда, 2,3 млн жасты жұмыспен, 2,8 миллион жасты жоғары біліммен қамту көзделіп отыр.

АЛТЫНШЫ: «Ақпараттық кеңістік» бағыты

Жаңа медиаға және жастар арасындағы қоғамдық пікір көшбасшыларымен жұмыс істеуге баса назар аударылады. Қолдау шаралары «бір терезе» қағидаты бойынша ыңғайлы цифрлық форматта жиналады. Іске асырылып жатқан шараларды объективті бағалау үшін жастарды дамыту индексі енгізіледі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы бірыңғай республикалық ғылыми-әдістемелік институтқа трансформацияланады. Нәтижесінде 90% жас мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардар болады деп күтілуде.



ЖЕТІНШІ: «Оқу-ағарту және мәдениет» бағыты

Шығармашылық индустрия жастардың қызығушылығын оятып, өз қабілетін жүзеге асыратын ортаға айналады. Дарынды жастарды қолдау жөніндегі шаралар кешенін, оның ішінде әртүрлі гранттық жобаларды іске асыру жалғасады. «Астана, Алматы және Шымкент қалаларында креативті кластерлер құру – жоспарда. Жастар мен волонтерлік бастамаларды дамытуға бағытталған жобаларды гранттық қаржыландыру ұлғаяды. Нәтижесінде мәдени-шығармашылық іс-шараларға жұмылдырылатын талантты жастардың саны 500-ден 1,1 млн адамға дейін артады және жыл сайын 1000 жас ғалымның зерттеуіне грант беріледі», – деді Дархан Қыдырәлі.

Министрдің айтуынша, жобаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттен көзделген қаражат барлығы 492,1 млрд теңгені құрайды, оның ішінде республикалық бюджет – 385,6 млрд теңге, жергілікті бюджет – 106,5 млрд теңге.

Премьер-Министр Әліхан Смайылов жастар ресурстық орталықтарының қызметін сапалы үйлестіруді қамтамасыз ету және орталықтардың басшыларына нақты міндеттер мен KPI бекіту қажеттігін айтты. Үкімет басшысының айтуынша, орталықтар жастармен жұмыс істеудің аса маңызды буындарының біріне айналуы тиіс – жергілікті жерлердегі жастардың барлық проблемаларын біліп, оларды шешу жолдарын ұсынуы қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).





ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

ЖОСПАР БАР,
ІСКЕ КӨШЕМІЗ!Шаһарда биыл екі жүзден
астам көше жөндеуден өтеді

Алматыда 2023 жылға арналған жол жөндеу жұмыстарының жоспары бекітілді. Орташа жөндеу жұмыстары жалпы ұзындығы 200 шақырымнан аса екі жүзден астам көшеге жүргізілетін болады. Жөндеу жұмыстарына қала бюджетінен 20 млрд теңге бөлінді. Орташа жөндеу кезінде жолдың тозығы жеткен жоғарғы қабатын қалпына келтіру үшін кешенді жұмыстар жүргізіледі.

Жұмыстар құрылымдық сараптама нәтижесін алып, тиісті сатып алулар аяқталғаннан кейін сәуір айында басталады деп жоспарланған. Магистральдық көшелердегі орташа жөндеу жұмыстары 27 тамызға дейін, ал аудандық мәні бар көшелердегі жұмыстар 30 қазанға дейін жүргізілетін болады. Жұмыстар басталар алдында нақты көшелер тізімі мен жұмыс уақыты алдын ала жарияланады.

Жол ақауларын шұғыл тегістеуді көздейтін ағымдағы жөндеу аясында Алматыда жол бойындағы шұқырлар мен жарықтар тегістеліп, люктер көтеріліп, тағы басқа ағымдық жұмыстар жүргізіледі. Осы жұмыстарды іске асыру үшін қала бюджетінен 2,8 млрд теңге бөлініп отыр. Жоспарға сәйкес 350 мың м² астам жол ағымдағы жөндеуден өтеді, сондай-ақ 30 км тротуар мен 40 аялдама кешені жөнделеді. Жыл соңында қанағаттанарлық және орташа деңгейдегі жол үлесін 89%-ға жеткізу жоспарлануда.

Сонымен қатар, жол құрылысы жоспарына 6 шағын-ауданда 30 км жаңа жол салу енгізілген. Жолдар инженерлік коммуникациялардың іске қосылуына қарай 2023-2024 жылдары қолданысқа берілетін болады.

Қала тұрғындары 1 наурыз күні басталған «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша тротуарларды салу және жөндеуге өтініш бере алады. Өтінімдер 30 наурызға дейін қабылданады.

Еске салсақ, Алмалы ауданы тұрғындарымен кездесуі кезінде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2023 жылы қосымша 7 млрд теңге бөлінгендігін хабарлаған болатын. Бұл шешім бағдарламаның тиімділігін ескере отырып қабылданды. Қосымша қаражат қаланың 8 ауданы арасында бөлінетін болады.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша қажетті кеңесті Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2023 жылы қосымша 7 млрд теңге бөлінгендігін хабарлаған болатын. Бұл шешім бағдарламаның тиімділігін ескере отырып қабылданды. Қосымша қаражат қаланың 8 ауданы арасында бөлінетін болады.

БРИФИНГ

Алматыда өткен жылы тұтынушылар құқығын қорғау саласына қатысты 4139 өтініш түскен. Бұл ретте тұрғындар тарапынан түсетін өтініштердің жыл өткен сайын көбейіп келе жатқаны байқалады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары Нұрлыбек Бимырзаев баяндады.



Н.Бимырзаевтың айтуынша, өткен жылы департаментке е-Отініш қосымшасы арқылы 1852 өтініш түссе, оның 2287-і электронды құжат айналымы бірыңғай жүйесі бойынша, 435-і басқа мемлекеттік органдар мен Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінен кайта бағытталып отыр.

2022 жылы 33 әкімшілік хаттама толтырылып, оның 14-і бойынша тексеру жүргізілді. Сондай ақ, ескерту түрінде 27 айыппұл және 6-ы бойынша 50 АЕК және 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды.

«Бірінші кезеңде сатушы сатып алушының талабын өз бетінше немесе тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдарын тарта отырып қарауға міндетті. Бұл шағымдарды осы жерде және қазір бейбіт жолмен шешуге болатын ең бірінші кезең. Үкіметтік емес ұйымдар бұл жағдайда дауды сотқа дейін реттеу субъектілері ретінде әрекет етеді. Екінші қадам мемлекеттің қатысуын қамтиды. Яғни егер сатушы келіссөз жүргізгісі келмесе, шағым

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ТЕГІН КӨШЕТ АЛЫҢЫЗ!
Шаһарда «Жасыл аула» науқаны басталады

(Басы 1-бетте)

Өтініш 15–24 наурыз аралығында қабылданады. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін көшеттер демалыс күндері таратылатын болады.

Бір адамға 20 көшеттен артық берілмейді. Акцияға қатысушылардың отырғызылған ағаштарды алдағы үш жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қоятындығын ескерген жөн. Қатысу үшін Jasyt.aula.almaty@gmail.com электронды поштасына келесі мәліметтерді жолдау қажет:

1. Қатысушының аты-жөні мен телефон нөмірі, ағаш отырғызылатын орынның нақты мекенжайы;
2. Ағаш отырғызылатын орынның фотосы (мамандарға орынды толықтай бағалауға мүмкіндік болуы үшін панорамалық форматта болғаны жөн);
3. Сұралып отырған көшет түрі мен саны.

Көшеттер 1,2 және 9, 10 сәуір күндері Алматы қ., Әуезов ауданы, Юрий Ким көшесі, 9 («Еco Almaty» ЖШС) мекенжайында таратылады. Соңынан жоғарыда көрсетілген электронды мекенжайға фото-есеп жолдау қажет. Көрсетілген уақыттан кейін жолданған өтініштер қарастырылмайды.



ЭКОЛОГИЯ

ТАЗАЛЫҚ – БАРШАҒА ОРТАҚ

Күн тәртібінен түспейтін, өзектілігін жоймайтын мәселелердің бірі – Алматының тазалығы.



Алып шаһарда көркейту, көгалдандыру, тазалығын қалыпта ұстау секілді жұмыстар басталды. Қазірдің өзінде коммуналдық қызметтердің көмегімен қысқы кезеңнен кейінгі қаланы санитарлық тазарту бойынша жаппай жұмыстар жүргізілуде.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандарының айтуынша, Алматының тазалық жұмыстарымен 13 коммуналдық кәсіпорын айналысады. Құрамында 866 арнайы техника мен 1370 жол жұмысшылардың күшімен күн сайын қала көшелерінен 90 тоннадан астам шаң-тозаң мен кездейсоқ қоқыс шығарылады. Тазалықшылар магистральдық көшелерді күніне екі рет, ал аудандық маңызы бар

көшелерді және ортақ пайдаланылатын орындарды күн сайын тазалайды. Аялдама кешендерін, урналар мен орындарды жуу жұмыстары күнделікті жүргізіледі.

Коммуналдық қызметтердің көмегімен 1 наурызға дейін еріген және жаңбыр суларын кедергісіз өткізу үшін қалалық арық желісін қардан, мұздан, лай мен қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарға «Алматы Тазалық» МКК-нен басқа тағы 6 мердігер ұйым жұмылдырылған. Күнделікті 80 бірліктен астам арнайы техника және 300 жұмысшының көмегімен жалпы ұзындығы 1337 шақырым арық тазарды.

Көктемгі кезеңдегі болжамды жауын-шашынға байланысты аудан әкімдіктері тарапынан су басудың алдын алу үшін кезекші бригадалар ұйымдастырылған. Жауын-шашын кезіндегі жұмыстарға арналған 86 бірлік арнайы техника, 27 мотопомпалар бар. Қажет болған жағдайда тағы 6 ассенизатор машинасы мен 400-ге дейін жұмысшы жұмылдырылады.

Жылы ауа райының басталуы және қардың еруімен байланысты қала аумағында кездейсоқ қоқыстардың ошақтары анықталуда. Осыған байланысты аудан әкімдіктері апта сайын аудандық жергілікті сенбіліктер өткізеді.

Бұдан басқа, «Наурыз мейрамы» мерекелік іс-шаралары аяқталғаннан кейін «Birge Taza Qazaqstan» республикалық экологиялық акциясы аясында жалпы пайдаланымдағы жерлерді, аула аумақтарын, көшелерді, бос жерлер мен жасыл аймақтарды, сондай-ақ өзендердің, су айдындарының арналарын мен жағалауларын санитарлық тазарту бойынша жалпықалалық сенбілік өткізу жоспарланып отыр.

Тазалық – баршаға ортақ. Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мамандары қала тұрғындарының, қоғамдық және жастар бірлестіктерінің, мемлекеттік қызметшілердің, заңды тұлғалардың өкілдері, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет қызметкерлері, ПИК, МИБ, ЖОО және АООО студенттері тазалық жұмыстарына бір кісідей атсалысады деп отыр. Айтуларынша, сенбілік өтетін уақыт қосымша хабарланады.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫ ҚОРҒАЛАДЫ

не Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне, не басқа мамандандырылған органға жіберіледі. Мысалы, егер сатушы таразыны бұрап жіберсе немесе интернет-дүкен тауарды жібермесе, бұл іс алаяқтық бойынша қаралады және ол Ішкі істер министрлігінің жұмыс саласы болып табылады», – деді спикер.

Спикер тұтынушыларға, бизнес өкілдеріне және мемлекеттік органдарға ыңғайлы болу үшін 2021 жылдан бастап e-tutynushy.kz шағымдарды қабылдау және қараудың бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істей бастағанын айтты.

«Жүйенің мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі барлық шараларды бір жерге шоғырландыру, шағымдарды дайындау және оларды құзырлы органдарға жолдау рәсімдерін жеңілдету және арзандату, сондай-ақ барлық өтініштер мен оларды қарау нәтижелерін цифрландыру», – деп өз ойын бөлісті.

Айта кеткен жөн, 15 наурыз күні – Дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау күні өтті.


Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КӨЛІК САЛЫҒЫ

1 сәуірге дейін төленуі тиіс



Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Куаныш Түменбаев көлік салығын 1 сәуірге дейін төлеу қажет екенін айтты.

2023 жылдың 1 сәуіріне дейін көлік иелерінің барлығы міндетті түрде өткен жыл үшін салық төлеулері керек. Төлем уақытылы жасалмаған жағдайда, әрбір кешіктірілген күн үшін қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,25 еселенген мөлшерінде өсімпұл алынады.

«Борышкерге 30 жұмыс күні ішінде берешекті өтеу туралы хабарлама жіберіледі. Хабарландыру мерзімі өткеннен кейін берешек сомасы 1 АЕК-тен асатын болса, борышкерге 5 жұмыс күні ішінде берешекті өндіріп алу туралы салық бұйрығы жіберіледі», — деді спикер.

Спикер атап өткендей, салық төлемеген борышкерлерге сот орындаушылары тарапынан тиісті шаралар қолданылады, оның ішінде мүлкі мен банк шоттарына тыйым салудан бастап, оның ішінде елден тыс жерлерге шығуына шектеу қойылады. Бұл ретте қарыз сомасына қосымша негізгі қарыз сомасының 25%-ға дейінгі мөлшерінде сот шығындары алынады. Сондай-ақ, борышкерлер банктік қызметтерді ала алмайды, оның ішінде банк

шоттарын ашу, ақша аудару, несие алу және т.б. бар.

Салық сомасын e-Salyk-Azamat мобильді қосымшасы арқылы немесе Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz интернет-ресурсында есептеп, төлеуге болады.

«Көлік салығын e-Salyk-Azamat мобильді қосымшасы арқылы төлеуге болады. Қосымшада төлемді жүзеге асыруға болатын «Салық әмияны» қызметі бар. Сонымен қатар, бұл қосымша дайын реквизиттерді пайдалана отырып, бір уақытта төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігімен «алдағы төлемдер» сервисінде есептелген салық сомасын білуге мүмкіндік береді», — деп бөлісті Қ.Түменбаев.

Салық төлемдерін екінші деңгейлі банктердің, «Қазпошта» АҚ филиалдарында немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы да төлеуге болады. Сонымен қатар, басқарма салықты көлік құралы иесінің тұрғылықты жері бойынша төлейтінін еске салды.

Агенттіктің мәліметінше, 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша Алматыда 441 221 жеке тұлғаның атына тіркелген 709 944 көлік бар. 2022 жылға есептелген салықтың жалпы сомасы 16,6 млрд теңгені құрайды.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

Алматыда тігін орталығы ашылды

Кеше Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжі базасында тігін орталығының ашылу салтанаты өтті.



Айнұр СЕНБАЕВА

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, колледж және кәсіпорын өкілдері, ғылым және қоғам қайраткерлері қатысты. Сондай-ақ, жиынға тігін және дизайн саласының жетекші сарапшылары мен Италиядан, Ресейден келген шетелдік қонақтар қатысты. Салтанатты шара кезінде қонақтарға колледждің материалдық-техникалық базасы, жабдықталуы және өндірістік оқыту барысы көрсетілді.

Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжі — қаламыздағы тарихы терең білім ордаларының бірі. Былтыр оқу орны өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өткен болатын. Ашылған күннен бастап еліміз бойынша түрлі саладағы білікті мамандар даярлап келе жатқан колледждің жеңіл өнеркәсіпті дамытуға қосып келе жатқан үлесі өлшеусіз. Ал жеңіл өнеркәсіп — халықтың әлеуметтік әлеуетін көтеруге ықпал ететін сала. Колледж директоры Жарқын Жаниязованың айтуынша, жеңіл

өнеркәсіп саласының өнімдеріне деген сұраныс азық-түлік тауарларынан кейінгі екінші орынды иеленеді. Сондықтан қарапайым жұрттың қамын ойлаған ел экономикалық даму стратегиясында бірінші кезекте жеңіл өнеркәсіп саласын дамытуға айрықша басымдық беруге тиіс.

Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжі бес мамандық бойынша мамандар даярлайды. Бүгінде білім ордасында 1100-дей студент білім алады. Соның ішінде 500 студент тігін өндірісі бойынша мамандықты игереді. Биыл Алматы қаласының әкімдігі «Жас маман» жобасы аясында колледж аумағында жаңадан ашылған тігін орталығын заманға сай технологиялармен жабдықтауға қаржы бөлді.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың айтуынша, қазіргі таңда кәсіптік білімді игеріп жатқан жастарға барынша жағдай жасалуы тиіс. «Еліміздегі орта және шағын бизнес, соның ішінде жеңіл өнеркәсіп саласы экономикамыз үшін аса маңызды. Отандық жас мамандардың жұмысы шетелдік дизайнерлерден, тігіншілерден кем түспейді. Сондықтан олардың шығармашылықпен, кәсіппен айналысуына бәріміз мүдделіміз. Осы колледждің мамандары, мұғалімдері шетелдерге шығып, өздерінің жұмыстарын таныстырып, тәжірибе алмасып жатыр. Үздік студенттердің жұмыстары халықаралық байқаулардан жүлделі орындар алады. Бұл біз үшін үлкен мәртебе», — деді Әсем Бекқызы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жарқын ЖАНИЯЗОВА,
Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжінің директоры:

Мамандарымызбен мақтанамыз!

Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жас маман» жобасы аясында 300 миллионға жуық теңге қаржыға колледж базасындағы тігін орталығы жабдықталды. Бұл орталық бір метрде 200–300 студенттің тәжірибеден өтуіне мүмкіндік береді. Жалпы, колледж ғимаратында 500 шаршы метр аумақты алып жатқан тігін цехы жұмыс істейді. Колледжде білім алатын студенттер осы базада өздерінің тәжірибесін шыңдап, практикалық дағдыдан өтеді. Бұл орталық әлемдегі ең озық жапониялық технологиялармен, техникалармен, тігін машиналарымен жабдықталды. Құрал-жабдықтар түрлі ассортименттегі дүниелерді, айталық, қалың немесе жұқа матадан тігілетін бұйымдарды тігуге арналған.

Сондай-ақ, студенттер маталарды ылғалды өңдеудің кезеңдерін осы жерде толықтай үйреніп шығады. Алғашқы курстарда студенттер қолмен тігуді игереді, жаймен тігін машиналарына отырғызылады. Жоғары курстарда түрлі дизайндағы киімдерді тігіп, дипломдық жұмыстары кезінде өздерінің авторлық коллекцияларын жасайды. Салтанатты жиынға арналған тамаша көйлектер, үйлену тойына арналған көйлектердің түр-түрі біздің студенттеріміздің қолынан шығады. Жалпы алғанда, колледжде базалық білімнің іргетасы қаланады. Бірнеше айлық курс оқып алу мен кәсіби білім алудың үлкен айырмашылығы бар. Біздің түлектеріміз жеке кәсіптерін бастап, сән үйлерін ашып жатқанына куә болып жүрміз.

«TEN QOGAM»

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕТІН ОРТАЛЫҚ

Алатау ауданында «Ten qogam» мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау орталығының бөлімі ашылды



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мекемеде мүмкіндігі шектеулі жандар құқықтық мәселелер, түрлі ақпараттар, т.б. мәселелер бойынша керегін ала алады. Сондай-ақ, әлеуметтік орталықтың жанынан мүмкіндігі шектеулі адамдардың арбасын жасайтын, құрастыратын орын ашылды. Аудан тұрғындары қалаға сабылмай-ақ, керегін осы жерден таба алады. Орталық «Ақбұлақ» ықшамауданында Талдыарал кешесінде №13-үйде орналасқан.

Қазір Қазақстанда 670 мыңнан астам, Алматы қаласында 56 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан тұрады. Осындай орталықтар азаматтардың күнделікті өмірде де, қоғамдық өмірде де кездесетін мәселелерін шешуге көмектесу үшін құрылған. Алматы қаласында бұдан бөлек, «Намыс» жоғары білімі бар мүгедектердің қоғамдық бірлестігі 2002 жылы құрылған, негізгі міндеті мен мақсаты — инклюзивті білім беру және ерекше жандарға көмек көрсету.

«Мемлекет басшысы қоғамда барлық азаматқа қолайлы жағдай, жайлы инфрақұрылым жасақтауды тапсырды. Әр адамның өз мүмкіндігін жүзеге асыруға мемлекет, қала әкімдігі қолдау көрсетеді. Алатау ауданында ашылып отырған «Ten qogam» әлеуметтік қолдау орталығы мүмкіндігі шектеулі жандардың сұрақтарына жауап беріп, көмек көрсетеді деген сенімдеміз», — деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова.

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен биыл қаланың әр ауданында «Ten qogam» мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау орталығы ашылды.

Қазақстанда мүгедек жандардың құқығын қамтамасыз етіп, өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар іске асырылып келеді. Ол 7 бағытты қамтитын 64 іс-шарадан тұрады. Жоспарға мүгедектіктің алдын алу, білім алуға қолжетімділік, кедергісіз орта, жұмыспен қамту, тиімді оңалту, әлеуметтік қызметтер және қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері кіреді.

МАРАФОН

СКАНДИНАВТЫҚ ЖҮРІС – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Рая ЕСКЕНДІР

Алматы қаласында бүгінгі таңда 231 мың зейнеткер тұрып жатыр. Бұл қала халқының 13,1 пайызын құрайды. Осыдан біраз уақыт бұрын, 2018 жылы Алматыда алғашқы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ашылып, зейнеткерлер қуанышқа кенелген еді. Көп ұзамай мұндай орталық қаламыздың барлық ауданынан ашылып, қазір олардың саны 9-ға жетіп отыр. Дәл қазір осынау орталықтарға 35 680 зейнеткер тұрақты тіркеліп, белсенді өмір салтын қалыптастырып жатыр.

— Наурыз мерекесіне орай, қаламыздағы 28 панфиловшылар саябағында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы мен Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі, Медеу аудандық әкімшілігі, Түркіб аудандық әкімшілігі, «Жас медиктер ассоциациясы» бірлесіп, «Скандинавтық жүріс — денсаулық кепілі» атты марафон өткізді.

Аталмыш жарысқа барлық аудандағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының белсенді қариялары қатысты. Алдымен жарысқа қатысушылар скандинавтық жүріске арналған таяқшаларымен сапқа тұрып, өздерінің сакадай-сай екендіктерін танытты. Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бахтияр Камалов барша спорттық жарысқа қатысушыларды құттықтап, денсаулыққа оң әсер ететін, қимыл-қозғалысы мол скандинавтық жүрісті серік етуге шақырды.

— Жалпы, біздің елімізде скандинавтық жүрістің пайда болғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Қазір спорттың бұл түрімен әлемнің бірнеше мемлекеті тұрақты түрде айналысып, осы арқылы аяқ-қол мен бұлшық еттің жұмысын жақсартуға болатынын дәлелдеп отыр. Адам әрдайым қимыл-қозғалыста болса, оның денсаулығы да жақсарады. Скандинавтық жүріс те қарияларымыз үшін қан тамырларының, жүрек пен өкпе жұмысын белсенді түрде жақсартудың ең тиімді тәсілі, — деді.

Осыдан соң зейнеткер-спортшылар саябақты айнала 5 шақырым жүріп өтуге бел байлап, жарысты бастап кетті. Былтырғы жылы скандинавтық жүрістен өткен жарыста



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болатбек ШӘКЕНОВ,
Жетісу ауданының тұрғыны:

— Скандинавтық жүріспен зейнетке шыққалы айналысып келемін. Денсаулыққа пайдасының зор екенін байқадым. Ең алдымен таза ауа жұтасың, сосын бойың сергиді. Сосын таяқпен жүргенде адамның қолының өзі 30 пайыз жұмыс істеуі керек. Бұл біз сияқты үлкен кісілерге таптырмас ем екен. Сондықтан үлкен кісілерге скандинавтық жүріске қатысыңдар дегім келеді. Күніне екі рет өзеннің бойымен жүріп өтемін. Өзімді сергек сезінемін. Тағы бір айтарым, қола ұстайтын таяқ ыңғайлы болу керек.

Ермек БЕЙСЕНБАЕВ,
Медеу ауданының тұрғыны:

— Менің жасым 74-те. Үш жылдан бері осы спорт түрімен айналысып келемін. Қан айналымын, жүректің жұмысын жақсартады. Жүрек жақсы болса, өміріңіз ұзарады. Былтыр да жарысқа қатысқанмын.

қариялардың жүру шапшандығы сынға түссе, бұл жолы олардың бұл спортты меңгерген тәсілі, яғни техникасы сынға түсті.



САЙЛАУ – 2023

19 НАУРЫЗ 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

**САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ
ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?**

- Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы
- Сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда сайлаушылар тізіміне өздері туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады
- Сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу немесе сайлаушылар тізіміне енгізу қажеттігі туралы өтініштерді сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды
- Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау туралы

Мәжіліс депутаттары өкілеттіктерінің мерзімі **5 ЖЫЛ**

Мәжіліс аралас сайлау жүйесі бойынша 98 депутаттан тұрады:

69 біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалдық өкілдік жүйесі бойынша

29 бірмаңдаттық аумақтық сайлау округтері бойынша

Парламент Мәжілісінің депутаты бола алады:

25+ Жиырма бес жасқа толған азамат

ҚР аумағында соңғы 10 жылда тұрақты тұрып жатқан азаматтар

Партиялық тізімде үш санат өкілдерінің: әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың саны жиынтығында оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс

Саяси партиялар адамдарды партиялық тізімге орналастыру тәртібін дербес айқындайды

>30%

ҚР САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ
ДАУЫС БЕРУ

Сайлаушыға жеке басын куәландыратын құжаты мен жазбаша өтініші негізінде бюллетеньдер беріледі

Сайлаушылар байланысты учаскеден тыс жерде дауыс бере алады:

- денсаулық жағдайына
- отбасының сырқат мүшесіне күтім жасауына
- шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда

Мұндай жағдайларда сайлаушы орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы 19 наурыз сағат 12.00-ге дейін өтініш бере алады

Сайлаушының дауыс беру құпиясы міндетті түрде сақталады

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ

Сайлауға қатысып, өз таңдауыңызды жасаңыз!

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КЕПІЛІ

- Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі – Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.
- Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды.
- Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.
- Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша

енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

- 2023 жылғы 4 наурыздан бастап Сізге өз учаскеніңізді сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.
- Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!
- Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылдаңыз! Әркімнің дауысы маңызды!

(ҚР Орталық сайлау комиссиясының үндеуінен).

ШАРТТАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР

- Сайлауға қатысу үшін қажетті шарт – азаматтардың сайлаушылар тізіміне енгізілуі болып табылады. Сайлаушылар тізімін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті әкімдік жасайды.
- Сайлау тағайындалған сәттен бастап әрбір сайлаушы тиісті әкімдікте сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

Егер сізге сайлау күні тіркелген жеріңіз бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігіңіздің болмайтыны белгілі болса, сіз сайлауға дейінгі отыз күннен кешіктірмей, сол жердің әкімдігіне сайлау күні өзіңіз болатын жер бойынша сайлаушылар тізіміне сізді енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

Дауыс берудің басталуына жиырма күн қалғанда, тиісті әкімдік учаскелік сайлау комиссияларына акт бойынша сайлаушылар тізімдерін ұсынады.

Дауыс беру күніне он бес күн қалғанда, сайлаушылардың тізімдері сайлау учаскелерінде танысу үшін сайлаушыларға ұсынылады.

Сіз сайлаушылар тізімдеріндегі өзіңіз туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегеніңіз, дұрыс енгізілмегеніңіз немесе тізімнен алынып тасталғаныңыз, сондай-ақ тізімдегі сіз туралы деректерде жаңсақтықтар жіберілгені үшін шағым жасауға құқылысыз.

Тізімдерге түзетулер енгізу қажеттігі туралы өтініштерді учаскелік сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды.

Сайлаушылар тізімдерін ұсыну мен сайлау күні арасындағы кезеңде сіз өзіңіздің болу орныңызды ауыстырған кезде өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша учаскелік сайлау комиссиясына жүгінесіз, ол жерде төлқұжатты немесе жеке куәлікті берген кезде учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін табыс етеді. Бұл ретте сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады.

Есептен шығару куәлігі бір елдімекеннің шегіндегі басқа сайлау округінде немесе басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күні алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша 18 сағатта аяқталады.

Дауыс беретін күні дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен кезде учаскелік сайлау комиссиясы сізді келген орныңыз бойынша сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізеді.

САЙЛАУ КҮНІ

Дауыс беру сайлау күні, сайлау учаскесіндегі дауыс беруге арналған үй-жайда жергілікті уақыт бойынша сағат жетіден жиырмаға дейін өткізіледі.

Сайлаушы өзі дауыс береді. Сайлауда дауыс құқығын басқа біреуге беруге және сол сияқты басқа адам үшін дауыс беруге жол берілмейді.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер сізге сайлаушылар тізімінің негізінде Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатын немесе жеке куәлігіңізді көрсеткен кезде беріледі.

Сіз сайлаушылар тізімінде бюллетеньдерді алғандығыңыз туралы кол қоясыз.

Сайлау бюллетеньдерін сайлаушы жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырады. Оларды толтыру кезінде кабинаға сізден басқа кімнің болса да, кіріп тұруына тыйым салынады.

Егер сіздің бюллетеньдерді өз бетіңізше толтыруға мүмкіндігіңіз болмаған жағдайда, өзіңіз сенетін адамның көмегін пайдалануға құқылысыз, оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне тіркеліп, тұсына сіздің бюллетень алғандығыңыз туралы қолыңыз қойылады. Бұл санатқа мына адамдар кірмейді: сайлау комиссиясының мүшесі; жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы; кандидаттың немесе саяси партияның сенім білдірілген адамы; бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі – журналист; тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Егер сіз: денсаулығыңыздың жай-күйі бойынша; науқас отбасы мүшесін күту себебі бойынша; сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болып, дауыс беру үшін келе алмайтын болсаңыз, сайлау күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірмей, учаскелік сайлау комиссиясына өзіңіз болатын жерде дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылысыз. Учаскелік сайлау комиссиясы сіздің болатын жеріңіз бойынша дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс.

ҚАЖЕТТІ АҚПАРАТ АЛУҮШІН
ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Барлық үміткерлердің біздің елімізде болып жатқан сайлау процесі туралы ақпаратқа барынша қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы интернет ғаламдық желісінде өзінің сайтынан ашты: www.election.gov.kz

Сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты өздеріңізді қызықтыратын барлық мәселелер бойынша аумақтық, округтік немесе учаскелік сайлау комиссияларына жүгінуіңізге болады.

Егер сіз сайлау туралы заң бұзушылықтар болды деп есептесеңіз, заң бұзушылық жасалған күннен бастап он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссияларына, сотқа немесе прокуратура органдарына жүгінуіңізге болады.

- Сайлау алдындағы үгіттің аяқталуы: 18 наурыз 2023 жыл, сағат 00.00.
- Сайлау күні және оның қарсаңындағы күні кез келген сайлау алдындағы үгіт-насихатқа тыйым салынады
- Бұрын сайлау комиссияларының үй-жайларынан және дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс ілінген баспа үгіт материалдары бұрынғы орындарда сақталуы мүмкін.
- Интернет желісінде бұрын орналастырылған үгіт материалдарын бұрынғы орындарында қалдыруға болады. Бұрын орналастырылған материалдарды интернет-ресурстардың басты беттеріне шығаруға жол берілмейді.
- Сайлау алдындағы үгіт мерзімдерін, тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік көзделген, ал кандидаттарға қатысты тіркеудің күші жойылғанға дейін қарастырылған.

УЧАСКЕДЕ ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

Әрбір сайлаушы өзі дауыс береді

Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат болуы тиіс

Дауыс беруге арналған бюллетень сайлаушыға сайлаушылар тізімдері негізінде сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі бойынша беріледі

Сайлаушы тізімде бюллетенді алғандығы туралы қол қояды

Бюллетенді дауыс беруші жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырады

Сайлаушы өзі дауыс беретін кандидат тегінің немесе саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бөріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі қояды

Бюллетенге қарымдашпен белгі қояға, сондай-ақ оған қандай да болсын түзету енгізуге жол берілмейді

Егер сайлаушы бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға құқылы және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне сайлаушының бюллетень алғандығы жөніндегі қолының тұсына енгізіледі.

Мыналар ондай адам бола алмайды:

1. сайлау комиссиясының мүшесі
2. жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы
3. журналист - БАҚ өкілі
4. тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы

Жекелеген сайлаушылар дауыс беруге келе алмаған жағдайда:

- денсаулық жағдайына
- отбасының сырқат мүшесіне күтім жасауына
- сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты

Учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылардың 19 наурыздағы жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірмей беріле алатын жазбаша өтініші бойынша олардың тұрған жерінде дауыс беруді ұйымдастыруға тиіс

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады





ШЕШІМ

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ
ҚАШАН СОҒЫЛАДЫ?

Биыл еліміз бойынша оқу жылы 25 мамырда емес, 31 мамырда аяқталады. Мектептерде соңғы қоңырау 1 маусымда соғылады. Осыған орай, оқу жылының мерзімі екі аптаға ұзартылып, оқушылардың демалысы қысқаратын болды.

Міне, жақында ғана осындай шешім шыққан еді. Дегенмен, қоғамда соңғы қоңырау мәселесі тағы да көтеріліп жатыр. Осыған орай, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мектепте өткізілетін соңғы қоңырау дәстүріне қатысты түсінік берді.

«25 мамырдағы соңғы қоңырауды қайтару туралы біраз ата-ана айтып жатыр. Шешімді қабылдау және оны осы жылы бірден өзгерту оңай емес. Бұл оқу жоспарына, мұғалімдердің сағатына және жоспарланған білім беру материалдарына әсер етеді. Осыған дейін қабылданған шешім биыл жүзеге асырылады», – деп Ғани Бейсембаев нақты шешімді айтты. Министр соңғы қоңырау өткізу туралы бұйрықты оқу қауымдастығы мен ата-аналарды жинап, қайта қарауды тапсырып отыр.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

1 сәуірге дейін мектептерді тиісті қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау жұмыстары аяқталуға тиіс.

Еліміздің барлық өңірі, сонымен қатар Алматы қаласы осы жылдың 1 сәуіріне дейін мектептерді тиісті қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау жұмыстарын аяқтауы қажет. Бұл ретте мектептердегі полицияның жедел басқару орталықтарына шығатын бейнебақылау, мамандандырылған күзет және дабыл кнопкаларымен қамтамасыз етілу сияқты жұмыстар түгел аяқталуға тиіс.

Үкімет отырысында Әлихан Смайылов Оқу-ағарту министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 3 күн мерзімде Үкіметке Балаларды қорғау жөніндегі кешенді жоспардың пысықталған жобасын енгізуге қатысты тапсырма беріп отыр. Онда Оқу-ағарту, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктері білім беру ұйымдарында қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуына сапалы мониторинг жүргізіп, Цифрлық даму министрліктері мен әкімдіктер 15 наурызға дейін Оқу процесін цифрландыру жөніндегі Жол



картасын қабылдауы керек. Сонымен қатар, оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру, мектептерді интерактивті жабдықтармен қамтамасыз ету, заманауи білім беру технологияларын енгізу туралы да тапсырма берілді.

ҰБТ

ТАЛАПКЕР ТАЛАПТЫ ЕСКЕРУГЕ МІНДЕТТІ

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Білімді және бірнеше тіл меңгерген ұрпақ болашаққа нық қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде», – деп жастардың оқып, білім алуына барынша жағдай жасап жатқанын жеткізді.

Өттең-айы, осы ұлттық бірыңғай тестілеудің қолданысқа енгеніне жиырма жылға жуықтаса да, бұл сынаққа кейбір жастарымыз әлі де жауапсыздықпен қарайды. Мәселен, қаңтар айында өткен ҰБТ-да 98 адам ереже бұзып, аудиториядан шығарылды. Осы уақытқа дейін ішке алып кіруге болмайтын заттар туралы сан мәрте қайталанып айтылса да, тіпті тізімі берілгеніне қарамай, биыл 62 адам тыйым салынған заттарды кіргізбекші болған. Нәтижесінде олар да ҰБТ тапсыру мүмкіндігінен айырылып отыр.

Аталмыш тестілеу сынағы «1 компьютер – 2 камера – 1 тестіленуші» қағидасымен

ұйымдастырылып, тест қосынында негізгі камерадан басқа, тестіленушінің дыбысы мен қозғалысын жазу үшін алдыңғы веб-камера орнатылған. Мұндай фронталды веб-камера талапкердің жеке басын сәйкестендіріп, ҰБТ кезінде бөгде адамдардың кіруін болдырмау үшін қажет.

Сондай-ақ, бұл қағидат емтихан тапсыру барысына бақылау жүргізу және тестілеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін де қажет. Қабылданған шаралардың көмегінің арқасында қаңтардағы ҰБТ-да бөгде адамдарды кіргізу фактісі тіркелген жоқ.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ӘЛЕУМЕТ

АҒА МЕН ІНІ

Мені анам 47 жасында тууға тәуекел етіпті. Бірақ туыт үстінде қайтыс болыпты. Сондықтан анамды ешқашан көрген емеспін. Ал әкем туралы мүлдем ештеңе білмеймін. Ағайын-туысқа керегім болмапты. Тек 22 жастағы ағам ғана бауырына басып, баға бастапты.

Оған ешкім де қолұшын созбаған. Ол кез келген жұмыстан қашпаған, қолынан келгеннің бәрін істей берген. Сөйте жүріп менің тәрбиемді де ұмытпады. Бірде балабақшада өтетін «ертеңгілікке» өз қолымен костюм тігіп бергені бар. Біз балабақшаға үнемі кешігіп жүретінбіз. Сосын мектепке де ылғи кешігіп баратынбыз.

Біз бірге, екеулеп, қысқа қияр, қызанақ жабатынымыз да есімде. Ол мені ешқашан жалғыз қалдырмайтын. Түнде қорықсам, жанымға келіп жантайып, қолымнан қатты қысып ұстап жататын.

Қыстыгүні біздің қалада қатты аяз болғанда, екеуіміз кішкентай күрке жасап алып, ағам сонда ыстық шай мен тәтті тосап әкелетін де, маған рождество туралы қызықты әңгімелер оқып беретін.

Мектепте сыныптастарыммен де, мұғалімдеріммен де тіл табыса алмай қала беруші едім. Ондайда ағам ылғи мені жақтап шыға келетін. Бірде ол мені бір топ баланың шеттетіп, намысыма тиетінін естігенде, сол балалардың ата-аналарымен «қырқысып», бәрін орнына қойғаны соншалық, содан кейін ешбір жан бетіме қарап бір сөз айтпайтын болды. Ағам сабағыма ылғи көмектесетін, бірақ нашар бағаларым үшін ешқашан ұрысқан емес.

16 жасымда темекі шегуді бастадым. Әрине, ағам сөйлейтін шығар деп қорыққаным рас. Бірақ ол бар болғаны «бұл сенің өмірің және шешім де өзіңдікі» деді. Ең алғаш үйге мас болып келгенімде де бір сөз айтпай, ертеңгі таңғы ас дайындап, алдыма қойып жатып «бүгін



үйде болғаның дұрыс, тынығып алғын» деді қамқор үнмен.

Мен ағам тұрғанда ештеңеге алаңсыз болдым. Қандай мәселе туындамасын, бірден ағамға келіп айтатынмын. Себебі, оң шешімі болатынына әркез сенімді едім. Ағам – мен үшін ата-ана да, ең сенімді дос та, сырымды сақтай алатын күнделік те.

Мен қазір 19-дамын. Бірақ ағам мені әлі де бұрынғыдай «кішкентай» деп еркелетеді. Өзі жақында ғана үйленді. Ал бүгін жеңгемнің құрсақ көтергенін естідім. Мен де ең керемет аға болғым келеді!

Аударған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

СУИЦИД

туралы психологиялық диалог

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде тәрбие жұмысын нығайту мақсатында кәмілетке толмаған жазасын өтеушілерге психологиялық тренинг өткізілді.

Мекеме психологі, әділет капитаны А.Искакованың ұйымдастыруымен өткен іс-шараға «Девиантты балалармен жұмыс жөніндегі бағдарламаның» жетекші психологі А.Байыздрахманова мен Алматы студенттері келді. Жалпы, бас бостандығынан айырылған жасөспірімдерді бостандықта жүрген өзі құралпы жастардың да көзбен көргені дұрыс деп ойлаймыз. Психолог-маман сотталған балалармен қиялмен жұмыс істеуге көмектесетін «Күміс техникасы» және девиантты мінез-құлыққа бейімділікті зерделеуге бағытталған «Бүркіт» сауалнамасы бойынша психологиялық жұмыстар жүргізді. Балалар колониясының жасөспірімдері іс-шараға ынтамен қатысты.

– *Іс-шараның мақсаты – жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сотталғандармен психологиялық жұмыс жүргізу, күйзеліске берілмеу жолдарын көрсету, жастар арасында өзара қарым-қатынас мәдениетін дамытуға дәнекер болу. Мұндай кездесулер жасөспірімдердің қайтадан қылмыстық жолға түспеуіне және қандай жағдайда да өздерін ұстай білуге, өз-өзіне деген сенімділігін оятуға, алдағы*

күндерден үміт үзбеуге көмектеседі деп ойлаймын, – дейді №11 мекеме психологі, әділет капитаны А. Искакова.

Түзеу мекемелерінде, оның ішінде қылмысқа барған балалар колониясында жұмыс істеу оңай емес. Бұл мекемелерде көп күш психолог-мамандарға түсетіні сондықтан. Жуырда осы №11 мекемесінде жеке құрам арасында психолог, әділет капитаны Дана Әбдібаева «Суицид» туралы психологиялық видеоролик ұсынып, екі тарап арасында диалог орнады.

Латын тілінен аударғанда «суицид» сөзі «өзін-өзі өлтіру» деген мағына береді. Осы саланы зерттеп жүрген мамандардың пікірінше, дүние жүзінде әрбір 20 секунд сайын бір адам өз-өзіне қол жұмсайды екен. Статистикаға сүйенсек, соның ішінде, ең өкініштісі – 8 мыңнан астамы қазақстандықтар екен. Бұл біздің ел бойынша сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қоштасады деген сөз. Суицидтің алдын алу үшін аталған мекеменің жеке құрам қызметкерлеріне психолог-маман адамдармен, оның ішінде әлі де ойы, көзқарасы беки қоймаған жасөспірімдермен қарым-қатынаста ең бірінші кезекте не нәрсеге мән беру, қандай қадамдар жасау керектігі туралы жан-жақты әңгімеледі.

Нұр ЖАМАЛ.



БРИФИНГ

ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

тарихы әріде жатыр

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, этнограф Тәттігүл Қартаеваның қатысуымен брифинг өтті.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Наурыз – түркі халықтарында Жаңа жылдың келгенін білдіретін дәстүрлі мереке. Ежелден бері тойланып келе жатқанын тарихи жазба және ауызша деректер дәлелдейді. Бұл мейрамға қатысты тарихи деректер жеткілікті, оның ішінде көптеген жазба дерек бар. Атақты шығыстанушы ғалым Омар Хайямның 1157 жылы шыққан «Наурызنامه» қолжазбасы бар. Ол өзінің қолжазбасында Селжұқ сұлтан-дәулетінің обсерваторияның маңыздылығын түсіндірді. Ол астрологтармен бірге күн мен түннің теңелуі құбылысын, күн тоқырауын және аспан әлеміндегі денелердің қозғалысын зерттеді. Оның қолжазбасы шығыс күнтізбесін түсіндіру және негіздеу үшін жазылған», – деп бөлісті Т.Қартаева

Аталған қолжазбаның нұсқасы Берлин мемлекеттік кітапханасында сақтаулы. Екінші бөлімі



Лондондағы Ұлттық мұражайда сақталған. Сондай-ақ, этнографтың айтуынша, маңызды тарихи деректердің қатарында Махмұд Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі», «Бабырنامه» жазбасы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, т.б. еңбектері бар. Бұл шығармалардың әрқайсысы сол күндердегі Наурыз мерекесін тойлау кезіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы нақты түсінік береді. Наурыз мейрамы туралы маңызды мәліметтерді Алаш зиялыларының жазбаларында да кездестіруге болады. Мәселен, 1913 жылы наурызда шыққан «Қазақ» газетінің алғашқы саны осы мерекеге арналды.

«Газет шыққан кезеңде, яғни

1913–1918 жылдар аралығында наурыздың 9-ынан бастап Наурыз мерекесін құттықтауға арналды. Ол кезде Юлиан күнтізбесі қолданылды. 1918 жылы Григориан күнтізбесі енгізіліп, ескі күнтізбе мен жаңа күнтізбенің айырмашылығы 13 күн, ал жаңа дата 22 наурызға сәйкес келді. Яғни күн мен түннің теңелуі, ауысу уақыты 21 наурыздан 22 наурызға тұспа-тұс», – деп түсіндірді спикер.

Ғасырлар бойы Наурыз мейрамындағы салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар өзгерді, кейбіреулері жоғалды. Бүгінгі күнге келетін болсақ, олар еліміздің аймақтарында ерекшеленеді. Бұған ең алдымен жергілікті климат, ауыл шаруашылығы және т.б. сияқты факторлар ықпал етеді. Осындай дәстүрлердің ішінде «Көрісу» ырымына ерекше мән беріледі.

«Қазақ халқы Наурыз мерекесін өзінің дәстүрлі өмір салтына бейімдеген. Мысалы, «Көрісу» ырымы. Бұл қазақ халқына ғана тән, Наурыз мейрамын тойлау аясында орындалатын ғұрыптық іс-шара», – деді ол.

Дәстүр мен әдет-ғұрыптардан бөлек, ерекшелік дәстүрлі мерекелік дастархан – Наурыз-көженің дайындалу тәсілінде де байқалады. Бұған ата-бабаларымыздың көшпелі өмір салты да ықпал етті.

Биыл Алматыда «Наурыз мейрамын» тойлау 14 наурызда «Көрісу» салтымен басталды.

МҮФТИЯТ



БАС МҮФТИ

Оразаға орай кәсіпкерлерге үндеу жасады

Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты хабарлағандай, басқарма төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы оразаға орай БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен баспасөз мәслихатында кәсіпкерлерге үндеу жасады.

«Кәсіпкер азаматтарды, сауда орталықтарының басшыларын қасиетті айдың құрметі үшін халқымыздың тұрмыс жағдайын ескеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік бағасын мүмкіндігінше 10 пайызға дейін төмендетіп, жеңілдік жасауға үндеймін. Жақсы амалдарыңыз өздеріңізге еселеп жақсылық болып қайтатынында күмән жоқ. Мұндайда халқымыз: «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» демей ме?! Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім бауырының қажетін өтесе, Алла оның қажетінде болады.

Кімде-кім мұсылманның бір қайғысын сейілтсе, Алла оның қайғы-қасіреттерінің бірін сейілтеді», – деген.

Осы сәтті пайдаланып, барша қауымға қасиетті Рамазан айында арақ-шарап ішілмесе және дүкендерде сатылмаса, мүмкіндігінше құдайы астар кешкі ауызашар уақытында өткізілсе деген тілегімді жеткіземін. Алла Тағала Рамазанның құрметі үшін жасаған жақсы ісіміздің себебімен баршамызды жақсылыққа келеттпей», – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ

Ақын Қадыр Мырза-Әлі «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген болатын. Дана халқымыздың ұлы құндылығын дәріптеу аса маңызды. Өз жұртының жауһар мұраларын ұмытпаған елдің болашағы жарқын.



Жаһандану заманында барынша салт-дәстүр, наным-сенім, музыка мен өнерімізді сақтай білген жөн. Неғұрлым алтын дінгектен ажырамасақ, соғұрлым дәрежеміз үстем болатыны айқын.

ЖАУҒАР ЖӘДІГЕР

Әр елдің өзіндік дәстүр жазғастығы бар. Соған сай дүниетанымы қалыптасқан. Осы күні таңданып айтып жүрген әндер мен түрлі аспаптар белгілі бір ұлтқа тиесілі. Бірақ елтілер оны әлемнің жақұтына балап, өнер айдынына ендіріп жіберген.

Дүниеде аспаптан көп нәрсе жоқ. Әркімдікі әртүрлі хәм айрықша. Алысқа ұзамай-ақ, туыстас өзбекті айтсақ, керней, сырнай ойға оралады. Гитара, пианиноны айтқанда, испандықтар, итальяндықтар, француздар еске сарт ете қалады. Құдды бір барлық сезім атаулы сол жақтан шыққан сияқты. Шетелдіктер дәріптеудің қыр-сырын әбден игерген. Соның арқасында әлемге ортақ құндылық етіп алған. Елде «Қазаншының өз еркі, қай-

дан құлақ шығарса» деген сөз ұшырасады. Осы бір ауыз сөз жоғарыдағы ойларды түйіндеп тұр.

КСРО кезеңі ұлттық құндылықты аса дәріптетпеді. Қазақтың өзіне тән жәдігерін шеттетті. Тоталитарлық жүйе қанша бұғау салса да, елдің жадынан өшіре алмады. Туыстас түркі халқының бір-бірімен байланысын қатайтпауға тырысты. Егер қатайтар болса, бірлесіп дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын жаңғыртып аларын ұқты. Осының бәрін егжей-тегжейлі ұйымдастырған зұлмат кезеңнен де өте білдік.

Көшпелілер мәдениеті өте мығым. Әрбір өнеге-өсиетті ауызша дарытқан. Этно-фольклорлық ұғымдар атадан балаға беріліп отырған. Күйдің құдіреті айрықша болған. Өздері жасап отырған жер-су атауы, ата-баба

аманаты ұмытылмады, батырлар жырын жатқа соққан ұрпақтар сабақтастығы үзілмеді. Соның нәтижесінде бүгінгі қоғам бұрынғыдан сусындап, өркендеп келеді.

ӨНЕР –

ШЕКАРАСЫЗ ӘЛЕМ

Ұлы далада беймәлім құпия бөгіп жатыр. Қанша ғасырдан бері оқтын-оқтын зерттеулер жалғасуда. Бірақ тылсым сырды толық ашуға бірашама уақыт керек сияқты.

Өз уақытында Ұлы дала төсіне сапарлаған жиһанкездер көп келген. XVI-XVII Вильгельм де Рубрук, Плано Карпини, одан бергі Адольф Янушкевич сынды саяхаттаушылар қазақтың жәдігерлеріне көз тіккен. Еуропа жиһанкездері бала тәрбиесінде, ұлттық рухын көтеруде қара домбыраның қасиетін байқаған. Поляк, неміс сапарлаушылары осы төңіректегі жазбаларды еуропалықтарға жеткізген көрінеді. Этнограф әрі композитор Александр Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» музыкалық-этнографиялық жинағын шығарды. Осындай этно-мәдениетті өркендету әлі жалғасып келеді.

Көптен бері қазақы мұра көмескіленгендей көрініп еді. Тыңдарман талғамы да өзгергені анық. Ел арасында «Өнер көзі – халықта» дейтін ұлағатты сөз қалған. Материалдық дүние алға өрлеп тұрған тұста ата дәстүрді жаңғырту үлкен парыз. Оны ұрпақтан-ұрпаққа аманаттау ләзім.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

АНИМАЦИЯ



ҚҰРМАНҒАЗЫ КҮЙЛЕРІ – «ДАЛА ШЫРҚАУЫНДА»

Қазақстанның тұкпір-тұкпірінен жиналған жас және дарынды суретшілер тобы тарихи маңызы бар «Дала шырқауы» атты дебюттік жобаны көрермен назарына ұсынбақшы.

Мультсериал ең танымал қазақ күйшісі Құрманғазы күйлерінің тарихын баяндайды. Атап айтқанда, сериал әйгілі күйшінің өмірінде із қалдырған оқиғаларды – қазақ халқының XIX ғасырдағы өз жерін қорғау әрекеті мен оның Ресей отаршылдарынан көрген азабын баяндайды.

Қазақстандық анимацияны жаңа деңгейге көтеруді мақсат еткен Tasqyn Studio жасампаздары: «Біз халқымыздың мәдени мұрасын қалың жұртшылыққа танытып, талғампаз қазақ көрермендерімен қатар барлық ұлттар мен әр жастағы көрермендер арасында қазақ мәдени-этникалық мұрамызға деген қызығушы-

лықты оятқымыз келеді», – дейді.

Жобаның ерекшеліктеріне тоқталсақ, сериалдағы күйлерді күйші Абылай Тілепберген тартады. Ал сценарий нақты тарихи оқиғалар мен мифтік аңыздардың негізінде жасалған. Жалпы, анимациялық сериалдың бірінші маусымы 13 бөлімнен тұрады. Әр эпизод 40 минутты құрайды. Бірінші бөлімнің көрсетілімі 16 наурызда Tasqyn студиясының Youtube арнасында жарыққа шығады. Ал тизерді Instagram парақшасынан тамашалауға болады. Туындының тұсаукесерін жіберіп алмаңыздар!

Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ALMATY BIKE

ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Алматы – еліміз бойынша велосипед қолданушылары бойынша бірінші орында

Көктем шуақты мезгіл. Әсіресе, велокөлікті қолданушылар емін-еркін қатынас жасайды. Соңғы уақыттары қалада велосипед тебушілер саны артуда. Бұл өте қуантарлық жағдай.



Қазір барша әлемде велосипедті пайдаланатындардың қатары көбейген. Тіпті, ең тиімді құрал десек, шатаспаймыз. Әсіресе, үлкен мегаполистерде қажетіңізге жарайды. Баратын жеріңізге еш кептеліссіз, жылдам жетуге мүмкіндік береді. Бұл үшін артық күш жұмсамайсыз. Аталған экологиялық көлік құралы сіздің жеке мүлкіңіз болса, тіпті де керемет.

«Almaty bike» жобасы Алматыда алғаш рет «Самұрық Қазына» АҚ-мен бірлесіп орнатылған болатын. Оның кәдесін тұрғындар көруде. Осы ойды терең ұнғып, халыққа жарамды тұсын төменде егжей-тегжейлі сөз етеміз.

ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Бүгінде Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты Шығыс-Азия мемлекеттері қоғамдық көлікті былай қойып, осыған ауысқан. Мұнда уақыт үнемделеді, қоршаған ортаға зиянсыз әрі денсаулыққа пайдалы. Жаһан жұртшылығы бұны әлдеқашан білген.

Бұл – дүние жүзіндегі қоғамдық көлік, машинадан бас тартқан Сингапур, Малайзия, Токио, Пекин, Шанхай сынды мегаполистер мен елдердің озық тәжірибесі. Мінеки, бұл үрдіс біртіндеп елімізге қарай ойысқандай.

Алматы – еліміз бойынша велосипед қолданушылары бойынша бірінші орындағы шаһар. Бізде бейресми дерек бойынша, 3 миллионға жуық адам ғұмыр кешеді. Соңғы уақыттары қоғамдық маршруттар орнын гидроскутер, электрсамокаттар алмастыруда. Бұл тұрғындарға ең қолайлы, ең жеңіл, ең ыңғайлы қатынас тетігі болып тұр. Сондай-ақ, «Өзім», «Алматы байк», т.б. қосымшалардан өзіңізге қажетті транспорттық құралдарды қолдана аласыз. Бұл да үлкен мүмкіншілік деп ұғамыз.

ТИІМДІ ҚАТЫНАС
ҚҰРАЛЫ

Осы күні бәріміз қоғамдық және жеке көлікке әбден бой үйреттік. Артық кадам жасағымыз келмейді. Баратын жерге тез жеткіміз келеді. Айтылған уақытта дәл сонда болсақ дейміз. Алайда, қанша асығып-үсігіп жүрсек те, олай болмай жатады. Себебі, қалада кептеліс өте көп. Көлік-

тердің түр-түрі самсап жүр. Олардың түтіні айналаны ластап барады. Күн суық мезгілде машинамен жүрген дұрыс шығар, алайда күн жылына бастағанда көлік құралын өзгерткен жөн болады.

Велосипед – тиімді қатынас құралы. Оны баршамыз білсек те, елемейміз. Жұмысқа да бірен-саран кісі тебеді. Шын мәнінде, ең ыңғайлы әрі денсаулыққа пайдалысы өте зор.

ТИІМДІЛІГІ:

- Қан айналым жақсарайды.
- Аяққа пайдалы.
- Денеңіз шынығады.
- Экоқұрал.

Оңай дүние жарға жығады. Бәріміз көлікпен қатынағанымыз жеңіл шығар, алайда салдары ауыр. Велоспортқа көңіл бөлсек, барлық нәрсеге пайдалы болады. Ауа ластанбайды. Қалтаныздан жанар-жағармайға қаржы жұмсалмайды. Бел, буын, омыртқа ауруына душар етпейді. Қайта тәніңіздің бұлшық еттері шынығады. Бойыңыздағы қан айналым жүйесін бір қалыпқа түсіруге де осы көліктің септігі көп. Ең негізгісі, ауа райын нашарлатпайды. Осындай артықшылықтар салауатты өмір салтының жарқын көрінісі іспетті.

Ел арасында желдей жүйткіген велосипедке қазақша балама да бар. Яғни «шайтанарба» дейді. Аты сәл оғаштау болуы мүмкін. Бірақ берер пайдасы зор. Мұны айдағанда дене мүшесіңіздің барлығы қозғалысқа түседі.

Велосипед жас талғамайды. Кім айдағысы келеді, сол қолдана алады. Қалада жастар шоғыры көп. Көбіне студенттер, жеткізу қызметіндегілер тіпті, егде жастағылар да пайдаланып жүр. Демек, велосипедті сенімді серігі еткендер қатары артып барады. Бұл жақсы үрдіс. Жоғарыда шетел тәжірибесін текке айтпадық. Алдағы уақытта тиімді көлік құралына баршамыз бет бұрып қалармыз.

Денсаулыққа ең пайдалы спорттың қатарына велоспортты қосар едік. Өрбіріміз спортшы болу шарт емес. Дейтұрғанмен, спортқа жақын болғанымыз абзал.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Алматыда командалық және ұлттық спорт түрлері бойынша мектеп лигаларының ойындары өтуде.

ҚОЛДАУ АРТТЫ

2023 жылғы 10 наурызда сағат 10.00-ден бастап қаланың жалпы білім беретін мектептерінде ұлттық спорт түрлері бойынша аудандық ойындар басталды.

Сондай-ақ, 11 наурызда, сағат 12.00-де Алматы қаласының жаңадан құрылған мектеп лигалары шеңберінде баскетболдан іріктеу ойыны жоспарлануда.

Алматы қаласының әкімі Е.Досаевтың тапсырмасы бойынша 2023 жылдың қаңтар айында спорт басқармасы бұқаралық спортты дамыту және жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында командалық спорт түрлері: шағын футбол, баскетбол және волейбол, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері: асық ату, бес асық, арқан тарту, бұқа тарту және қазақ

күресі бойынша мектеп лигаларын құрды.

Ағымдағы жылдың 1 наурызында оқушылар арасында ұлттық спорт түрлері бойынша Наурыз мерекесіне орайластырылған фестиваль басталды. Фестиваль бағдарламасына спорттың 6 түрі (тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық, арқан тарту, бұқа тарту, қазақша күрес) бойынша жарыстар кіреді. Спорттық іс-шараға 214 мектептен 7600-ден астам оқушы тартылды. Қазіргі уақытта аудандық деңгейдегі ойындар өтуде. Финалдық кезең 2023 жылдың 21 наурызында «Астана» алаңында өтеді.

ГИМНАСТИКА

ЕКІНШІ РЕТ АЛТЫН АЛДЫ

Спорттық гимнастикадан Қазақстан командасының көшбасшыларының бірі Нариман Құрбанов Әзербайжан астанасы Бакуде әлем кубогы кезеңінің жеңімпазы атанды.



Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше, спортшы гимнастикалық ат жаттығуларында жеңіске жетті. Шешуші жаттығуында ол 15.300 ұпай жинады.


Екінші орын Ирландиядан келген Рис Маккленаганда қалды. Үшінші орында Албаниядан келген ӘКК Матвей Петров аяқтады.

Құрбанов қатарынан әлем Кубогы кезеңінде екінші рет жеңіске жеткенін қосамыз. Ол сәл ертерек Дохада қаласында бірінші болып, үздік атанған еді.

Нақтылай өтейік, жерлесіміздің бұл жолғы жеңісі алтын жүлдеге лайық деп танылды. Осымен екінші мәрте алтын медаль иеленіп отыр. Бұл үлкен жеңіс деп білеміз.

ОЛИМПИАДА

Қысқы Олимпиада ойындары 2026 жылдың 6–22 ақпаны аралығында өтеді деп жоспарланған.



БОЙТҰМАРЛАР ТАҢДАЛДЫ

Милан мен Кортина-д'Ампеццо қалаларында өтетін 2026 жылғы Қысқы Олимпиада ойындарының бойтұмары ақ және қоңыр түсті дулығалы аккіс (ақ тышқан) болмақ.

Оларды Италияның Катанзаро провинциясындағы мектеп оқушылары салған. Аккістің бірі ақ пальтода, екіншісі қоңыр түсті. Содан кейін бойтұмарлар жалпыхалықтық дауыс беру арқылы таңдалды. Қатысушылардың 53%-ы тышқандарға дауыс берді. Екінші орын эдельвейс гүліне бұйырды, деп жазады Inside the Games.

Таңдауға Италияның 81 провинциясы-

нан 681 сынып пен 82 мектептен – барлығы 1600 өтінім қатысты. Италияндық студенттер Олимпиада және Паралимпиада екі кейіпкерге дизайн ұсынысын жіберу арқылы өзінің қиялын пайдалануға және шығармашылық қабілетін көрсетуге шақырылды.

Милан мен Кортина-д'Ампеццодағы Олимпиада ойындары 2026 жылдың 6–22 ақпаны аралығында өтеді деп жоспарланған. Паралимпиада ойындары 6–15 наурыз аралығында өтеді.

Бетті әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ТҮЙІН:

Әлгінде сөз басында айтқанымыздай, велосипед – өте қажетті құрал. Ең бастысы, денсаулыққа пайдасы зор. Барлық дене қозғалады. Түйіндей келе, велосипед пайдалы әрі экологиялық тиімді көлік болып саналады демекпіз.



МАМАН КЕҢЕСІ

ТУБЕРКУЛЕЗ

ауруы бей-жай жүре беруді көтермейді

Туберкулез дерті де әлемді аландатып отырған тақырып. Сондықтан жылда флюорографиядан өтуге міндеттіміз. Мектеп оқушыларына да мектепте манту салынып жатады. Бұл да аталған аурудың алдын алу жолдарының бірі. Туберкулез және оның белгілері, одан қалай сақтану керектігі туралы Алматы қаласы №18 қалалық емханасының фтизиатр-дәрігері Ұлжан Алтаева пайдалы кеңестерімен бөлісті.

– Фтизиатр қабылдауына қалай жазылуға болады?

– Әрбір емханада фтизиатр дәрігерлер бар: ересек тұрғындарға бөлек, балаларды бақылайтын балалар фтизиатры бөлек. Дәрігердің қабылдауына учаскелік терапевт дәрігері немесе педиатр арқылы жазылуға болады.

– Диагностикалық тексеруден (рентген, УДЗ, КТ) қалай өтуге болады? Мұндай тексеру кімге және қандай жағдайда тағайындалады?

– Тұрғылықты жері бойынша тіркелген емханада әрбір пациент тексеруден өте алады. Мысалы, егер өкпе туберкулезіне күдік болса, пациентке клиникалық және зертханалық зерттеулер жүргізіледі: жалпы қан анализі, жалпы зәр анализі, туберкулез микробактериясына (МТБ) қақырық анализі, рентгенограмма, өкпеге КТ. Егер туберкулездің өкпеден тыс түрлеріне, лимфа түйіндерінің туберкулезіне, плевра туберкулезіне күдік болса, УДЗ өтеді. Егер шолу рентгенограммасында нашар көрінсе немесе күмәнді ошақтар болса, мұндай пациенттерге КТ-ны қосымша тексеру ретінде тағайындаймыз.



– Латентті туберкулез инфекциясы дегеніміз не?

– Латентті туберкулез инфекциясы – туберкулездің клиникалық көріністері мен белгілері жоқ, бірақ адам ағзасында туберкулез инфекциясы болған кездегі дененің жай-күйі. Яғни өкпе, қан, зәр және қақырық анализі таза болғанда, бірақ АТР диагностикалық критерийі (Диаскин сынағы) оң сынақты көрсетсе, ағзада жасырын инфекция бар дегенді білдіреді. Жасырын инфекция басқаларға қауіпті емес, бірақ мұндай науқастарға болашақта туберкулезбен ауырмас үшін профилактикалық ем тағайындаймыз.

– Туберкулез ауруының белгілері қандай?

– Пациентте ұзақ мерзімді жөтел болады, әрі ол бактерияға қарсы препараттармен, симптоматикалық құралдармен емделмейді. Оның үстіне денені әлсіздік басады, адам тез шаршап қала береді, көп терлейді, кейде

3-тен 10 кг-ға дейін салмақ жоғалтады. Қанды немесе қанды шырышты жөтел болуы да мүмкін.

– Ауруды кімдер тез жұқтырады?

– Имунитеті төмен адамдар туберкулезді тез жұқтырады, олар – жиі ауыратын балалар, туберкулезбен ауыратын балалармен байланыста болған және ауру ошағындағы балалар. Ілеспе аурулары бар балалар мен ересектерге де қауіпті. Иммуносупрессивті терапия алатын, гормонға тәуелді науқастар және туберкулезден, коронавирустан емделген науқастар да ауыруы мүмкін.

– Вакцина алған адам туберкулезді жұқтыра ма?

– Туберкулездің алдын алу мақсатында перзентханада сәбиге БЦЖ егіледі және 6 жасында ревакциналау жүргізіледі. Вакцинаның әсері 5 жыл. Егер адамда аурудың факторлары болмаса, туберкулезбен ауырмайды. Бірақ адам ересек жасында созылмалы ауру-

ға шалдықса, зиянды өмір салтын (маскүнемдік, темекі шегу) ұстанса, әрине, тез жұқтырады.

– Туберкулезді қалай анықтауға болады?

– Біріншіден, туберкулез екі әдіспен анықталады: пассивті әдіс және белсенді әдіс. Пассивті әдіс, мысалы, адам ұзақ жөтеліп, бойын әлсіздік жайлап, шамадан тыс терлейтінін, күрт арықтағанын айтып шағымдана, тексеріледі. Науқас туберкулез микробактерияларына қақырық анализін тапсырады. ДДҰ стандарттарына сәйкес, мұндай жағдайларда анықтаудың негізгі әдісі МТБ-да қақырықты талдау болып табылады.

Егер МТБ анықталса, онда диагноз қойылады, науқас диспансерлік есепке алынады және емдеу тағайындалады. Профилактикалық әдіспен, яғни егер адамның шағымдары болмаса, рентген зерттеу нәтижелері бойынша анықтауға болады. Ересектерге арналған профилактикалық әдіс – флюорография, шолу рентгенографиясы, КТ. Балаларға арналған 1 жастан 14 жасқа дейінгі Манту туберкулин диагностикасы. Ал 15 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге Манту немесе флюорография сынамасын жасауға болады. Негізінен балаларға туберкулин диагностикасы, жасөспірімдерге рентгендік зерттеу тағайындалады.

P.S.

Маман Алматы қаласында туберкулез бойынша ахуал тұрақты екенін атап өтті. Адамдардың бұл кеселмен ауыруы және одан болатын өлім-жітімінің де төмендегенін айтып отыр. Бірақ бұл кесел бейжай қарауды көтермейді. Ауа тамшылары арқылы кез келген уақытта жұғады.

Алматы емханаларында туберкулезді диагностикалау үшін барлық жағдай жасалған. Тиімді және сапалы емдеу үшін де дәрі-дәрмек жеткілікті. Қалғаны – адамдардың өз қолында.

ШҰҒЫЛ КӨМЕК

Денсаулық саласында медициналық авиацияның орны ерекше. Өйткені, ажал аузында, ауыр жағдайда жатқан науқастар тиісті орындарға жедел жеткізілуі үшін әуе арқылы тасымалданады.



МЕДИЦИНАЛЫҚ АВИАЦИЯ

арқылы былтыр 4420 пациентке көмек көрсетілді

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша, өткен жылы санитариялық авиацияның көмегімен 4420 пациентке, оның ішінде патологиясы бар 1468 балаға, жарақаттанған, жазатайым оқиғаларға ұшыраған және уланған 730 пациентке, акушерлік практикадағы шұғыл жағдайлар бойынша 859 науқасқа, қан айналым жүйесі аурулары бар 560 адамға, жаңа туған 517 бөбекке және өзге де ауруларға шалдыққан 286 сырқатқа медициналық көмек көрсетілді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша 5230 медициналық қызмет орындалды, оның ішінде медициналық ұйымдарға 2381 пациент (45%) жеткізілген, 153 күндізгі консультация (3%) өткізілген, 205 операция (4%) жасалып, қашықтан 2491 (48%) медициналық қызмет көрсетілген.

Халыққа консультациялық және жедел медициналық көмек көрсету үшін Астана, Алматы қалаларының республикалық клиникалары мен медициналық ұйымдарынан 251 маман тартылған.

Медициналық авиацияда донорлық ағзалар мен биоматериалдарды тасымалдау да жұмыстары да жүргізіледі. Донорлық ағзаларды алу жөніндегі мамандарды тасымалдау үшін 5 ұшу және 1 биоматериалды тасымалдау орындалды. Бүгінгі күні республика бойынша медициналық авиация тәулігіне 15 рет ұшуды жүзеге асырады.

Былыр медициналық авиация нысаны бойынша медициналық қызметтер көрсету үшін Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының диспетчерлік қызметіне 2985 өтінім келіп түскен. Оның 628-інен бас тартылды (метеожағдайлар, техникалық себептер, пациенттің жай-күйінің нашарлауы және т.б.).

Сондай-ақ, медициналық авиация – 2357 (оның ішінде тікұшақпен – 470, ұшақпен – 1887) ұшуды орындады.

Республика шегіндегі медициналық авиация рейстерінен басқа, шетелдердегі медициналық ұйымдарда аса ауыр жағдайда жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары мен қандастарды халықаралық тасымалдау да жүзеге асырылады. 2022 жылы шетелдік клиникалардан медициналық авиация отандық медициналық ұйымдарда емін жалғастыру үшін Қазақстан Республикасының 16 азаматын тасымалдады.

Медициналық авиацияның мүддесі үшін былтыр 33 әуе кемесі, атап айтқанда, 20 ұшақ және 13 тікұшақ пайдаланылған. Барлық әуе кемесі ҚР Азаматтық авиация комитетінде сертифицирталған.

ҚР азаматтарына медициналық авиация нысанында шұғыл медициналық көмек көрсету тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жүзеге асырылады.

СӘТТІ ОТА

ТУҒАНЫНА ҮШ КҮН БОЛҒАН СӘБИ

күрделі операциядан өтіп, анасының құшағынан табылды

Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының мамандары алғаш рет жаңа туған нәрестедегі бауырдың туа біткен гемангиомасын алып тастау отасын жасады. Бұл – еліміз бойынша бұрын-соңды жасалмаған күрделі операция.



Шарана дүниеге келгенде, бауырының бүкіл оң жақ бөлігін жайлап алған үлкен ісікпен туған. Туғанына үш күн ғана болған сәби тез арада перзентханадан Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығына жеткізілген.

Нәрестеге бес күн бойы консервативтік ем жүргізілді. Іш қуысының ісігі тым үлкен болып, ішкі органдарын қысып тастағандықтан, сәбидің өздігінен демалуы қиындап, жасанды өкпе аппаратында жатты. Аз уақыттың ішінде іштің көлемі 38 см-ден 44 см-ге дейін өсіп кеткен. Осы жағдайларды ескере отырып, орталық мамандары шұғыл түрде операция жасауға шешім қабылдаған.

Бірінші – ангиография. Бауырдың оң жақ артериясының рентген-эндоваскулярлы эмболизациясы. Екінші – лапаротомия, холецистэктомия. Құрсақ қуысын дренаждау. Мұндай ота елімізде бұрын-соңды сағаттан аса жасалған. Қуанышка қарай, сәтті өтті.

Операцияны Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының білікті дәрігерлері – хирургиялық блоктың жетекшісі Константин Хаиров, рентгенэндоваскулярлы хирург Азиз Оңласынов, неонатальды хирургтар – Қанат Әшірбай мен Шалқар Қасенов, қарқынды терапия блогының жетекшісі Гүлшат Әлімханова, нәрес-

телерге арналған жансақтау бөлімінің меңгерушісі Нұрсұлтан Құрбанбековтен құралған өз ісінің білгір мамандары жасады.

Сәбидің денесіндегі ісіктің салмағы 500 гр болған. Мұндай күрделі отада көп мөлшерде қан кету қаупі жоғары болады. Бірақ білікті дәрігерлер оған да жол бермеді. Сөйтіп, ең кішкентай пациент отадан кейінгі 5-ші күні реанимация бөлімінен неонатология бөліміне, анасының жанына ауыстырылды.

Қарқынды терапия жұмысының арқасында қазіргі уақытта нәрестенің жағдайы жақсы. Альтамир есімді бөбек 12 тәулікте аман-есен үйіне шықты.

АЛҒЫС

ӨМІР ҮШІН КҮРЕС

Алматылық реаниматологтар жүктіліктің өлімге әкелетін асқынуы – HELLP-синдромы бар босанған әйелдің өмірі үшін 14 бойына күн-түн демей күрескен.

Иә, №2 қалалық перинаталдық орталығында дәрігерлер 36 жастағы әйелдің өмірі мен денсаулығын сақтап қалды. Әйел жүктіліктің 36-ші аптасында шұғыл түрде кесарь тілігі жасалған.

Бас дәрігердің орынбасары

Қымбат Абраимованың айтуынша, HELLP-синдромы көптеген ішкі органдардың жеткіліксіздігіне әкеледі, тіпті ана мен шарананың өліміне әкелуі мүмкін.

«Біз кесарь тілігін жасадық, шүкір, әйел салмағы 2,114 грамм бо-

латын ұл туды. Операциядан кейін әйел 14 күн бойы реанимация бөлімінде тәулік бойы бақылауда болды. Онда жаппай гемолизді емдеу, бүйрек, бауыр жеткіліксіздігінің және тромбоздың дамуын болдырмау үшін оған плазмалық алмасу және эритроциттік суспензияны трансфузиялау процедуралары жүргізілді», – дейді Қымбат Абраимов.

Қазір ана сәбимен үйіне шығарылды. Әрине, екі бірдей адамды ажал аузынан алып қалған ақ халатты абзал жандарға деген алғысы шексіз.

**Бетгіз әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.**



ТОЙ-ДУМАН



КӨКТӨБЕ ТӨРІНДЕ

Қала тұрғындары мен қонақтарына арналған мерекелік концерт өтті

Арайлы Алматы жұртшылығы «Амал» мерекесін, «Көрісу» күнін тойлауды бастап кетті. Алматылықтар көктемнің келуімен бір-бірін құттықтап, «Бір жасыңмен!», «Ақ мол болсын!», «Амал мерекесі құтты болсын!» деген секілді тілектерін жаудырды.

Айнұр
СЕНБАЕВА

— Көрісу — қазақтың ғажап дәстүрлерінің бірі. Ықылым заманнан бері келе жатқан керемет дәстүріміз осы күнге дейін Батыс өңірінде сақталып қалған. Наурыз — сәні мен салтанаты бөлек мереке ғой. Наурызды тойлау бір күнмен шектелмейді. Қардың көбесі сөгіліп, бәйшешек бүршік жарған кездерде көршілес жатқан ауылдың адамдары бір-бірімен көрісіп, құшақтасып, Жаңа жылдың келгенін ерекше қуанышпен қарсы алған. Көрісу дәстүрін жаңғырту мақсатында бүгінгі мереке ұйымдастырылып отыр. Алдағы уақытта Алматыда Көрісу күнін мерекелеуді дәстүрге айналдырмақшымыз. 14–22 наурыз аралығында қаламызда осы Амал мерекесі мен эз-Наурызға арналған түрлі мерекелік, мәдени шаралар өткізілетін болады. Көрісу — Наурыздың бастапқы элементі. Сондықтан мұндай маңызды дәстүрімізді ұмыт қалдыруға болмайды, — деді мерекенің шымылдығын ашқан Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Алматы қаласы әкімдігінің ұйытқы болуымен ұйымдастырылған мерекелік шарада «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әртістері, сондай-ақ Мөлдір Әуелбекова, Айдар Тұрғанбек, «Алашұлы», «Кешью» топтары секілді халықтың көзайымына айналған әншілер өнер көрсетті. Зерлі шапан, оюлы бешпет, құндыз бөрік, аппақ кімешек пен бүрмелі көйлек киген өнер иелері Көктебені ән мен жырға бөледі. Концертке жиналған қауым рухты ән тыңдап, би биледі. Нұрлан Оразалин, Мұрат

Жұрынов, Бауыржан Жакып, Қаракөз Сүлейменова сынды зиялы қауым өкілдері және өнер майталмандары Роза Рымбаева, Тұңғышбай Әл-Тарази, басқа да белгілі адамдар халыққа ақ тілегін білдіріп, Көрісу күнін алматылықтармен бірге атап өтті. Немерелерін жетектеген ақ жаулықты әжелер мен аналар, жастар, үлкен-кішінің барлығының жүзінен қуаныш сезіледі.

«Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып» деп ақын Абай жырлағандай, Көрісу дәстүрі — Наурыз тойының бастамасы. Дәл осы күні әсем шаһарымыздың тұрғындары Наурыздың мерекелік лебін сезіну үшін Көктөбеде наурыз көже мен ыстық бауырсақ таратылды. Сондай-ақ, Көктөбедегі аспалы жол тегін болды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрайша ЖАҚАНҚЫЗЫ,
зейнеткер:

ЕЛ ІШІ АМАН БОЛСЫН!

Көктөбеде Көрісу мерекесі тойланады дегенді естігенде үйде қарап отыра алмадым. Өйткені, бала кезімізде ата-әжелеріміз осы Амал мерекесін қатты күтіп, ерекше ықыласпен тойлаушы еді. Балалық шағым есіме түсті. «Ұзынның қысқарып, жуанның жіңішкеретін» шағында қазақ халқы бар-жоғын жиып, берекесін тасытып, аузымыз аққа жетті деп қуанушы еді ғой. Алматы қаласы әкімдігінің Көрісу мерекесін осылай кең көлемде ұйымдастырып жатқанына ризашылығымды білдіремін. Көне дәстүрлеріміз жаңғырып жатқаны — жақсылықтың белгісі деп білемін. Жаңа Қазақстандағы жаңа бастамаларымыз ұзағынан болсын!



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

БИКЕН РИМОВА – 100

Алматы метрополитенінің «Мәскеу» бекетінде Қазақстанның Халық әртісі Бикен Римованың 100 жылдық мерейтойына орай «Өнермен өрілген ғұмыр» атты шығармашылық көрме өтті.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Аталмыш іс-шараны ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің және Халықаралық «ТҮРКСОЙ» мәдени ұйымының қолдауымен Жетісу облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры ұйымдастырды.

«Халқымыздың мақтанышына айналған Бикен апамыз да қазақ театрының іргетасын қалаған кешегі Қ. Қуанышбаев, С. Қожамқұловтар секілді туабітті талант болатын. Қазақтың бүкіл болмысын, қалпын бойына сіңіріп, сол арқылы өнерге келген. Бикен апа неге ұлы актриса болды? Өйткені,



ол ең әуелі жақсы адам болатын. Адамның табиғаты таза болмайынша, одан таза өнер шықпайды», — деді театр және кино актері Тұңғышбай Жаманқұлов.

Көрмеде актрисаның сахнада киген костюмдері, өзі тіккен көйлектері мен сөмкелері, пайдаланған жеке заттары мен экспонаттары, медальдары, фотосуреттері қойылды.

«Анам бар өмірін театрға арнады. Бала кезімізден сахнаның артында өстік. Театрды әлі күнге жақсы көреміз, ерекше бағалаймыз. Талантты әртістердің көзін көрдік. Дегенмен,

анамның жолын біздер жалғастырмадық. Мен экономика саласына бет бұрдым. Бүгінгі іс-шараны ұйымдастырып, қолдау білдіргендерге алғысымды білдіремін. Анам өмірде өте тамаша әйел, ана, әже бола білді. Талдықорған драма театрына анамның аты берілгенде қуаныштан жүрегіміз жарылардай болды. Қарап отырсам, театр анамыздың атын әлі күнге жаңғыртып Республикамыздың әр өріне танытып жүр. Бикен Римованың жолын жалғайтын талантты, өнерлі қазақ қыздары көп болсын», — дейді Бикен Римованың қызы Меруерт Құсайынова.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР»

60 жылға жуық өмірін өнерге арнаған талантты актриса театр сахнасында 80-ге жуық рөлді сомдаған. Сонымен қатар, ол әдебиет әлемінде де өзіндік қолтаңбасын қалдырды. «Еңлік-Гүлім», «Өнердегі өнегелі өмірлер» атты қос кітаптың авторы.

Шығармашылық көрмеге Бикен Римованың замандастары, сахнадағы әріптестері және театр өнерінің майталмандары мен зиялы қауым өкілдері қонақ болды.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«ШАШБАУЛЫМ»

немесе құмыра тоқитын қыз өнерінің қыр-сырымен танысқыңыз келе ме?

Гобелен – аса күрделі де кірпияз, асқан дәлдікті, талғампаздықты, сабыр, төзімді талап ететін бекзат өнердің бірі. Біз бүгін осынау қиын да қызықты шығармашылық жолын небәрі төрт жасында бастаған гобеленші қаракөз, Еуродизайнерлер одағының мүшесі, халықтық және заманауи қолөнерді ұштастыра дәріптеп жүрген Құндыз ЖЫЛЫБАЕВА туралы әңгімелейтін боламыз. Ол – Қазақстандағы, тіпті Орта Азиядағы гобеленшілер арасында құмыра тоқитын жалғыз адам. Өзгелерден ерекшелігі де осында. Әдетте, құмыраны саз балшықтан жасайды. Ал жіппен қалай тоқиды? Ол туралы да тарқататын боламыз.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ӘКЕСІНІҢ ҚҰНДЫЗЫ

Есін білгелі анасы Қарлығаштың бірдеңе тоқып отыратынын байқайтын бүлдіршін Құндыз шешесінің жанынан айналшықтап шықпай, үнемі көзін салып отыратын. Сосын «бұл не, не тоқып жатырсыз, неге олай, неге бұлай?» деген сұрақтың астына алады кеп. Сөйтіп жүріп небәрі төрт жасында қолына түрлі-түсті жіп алып, өзіне шарф тоқығаны бар. Оны мойнына салған сәті де бүгінгідей есінде. Кейін есейген шағында әлгі ұзындығы 20–30 сантиметрдей ғана болатын шарф шкафтың бір бұрышынан шыға келгенде, бәрі бір күліп алған. Сосын артта қол бұлғап қалған балалығымен қайта қауышқандай, Құндыз бір қарыс шарфты кеудесіне басқан.

Бертін келе, бой түзей бастаған шағындағы жұмысы кестеленген «жолбарыс» болды. Оны кезінде анасының сіндісі аттай қалап алып кеткен болатын. Бүгінде сол балаң шығармасы әпкесінің төрінде ілулі тұр.

Құндыз бала күнінде аулада жұмыс істеп жүрген әкесінің тірліктеріне де көзін салып жүретін. Аяғына оратылып қоймайтын кішкентай қызының қауіпсіздігіне алаңдайтын әке ондайда «мешайт жасамай, әрі жүр» деп кейіп тастаушы еді.

Бір күні Құндыз сыртқа тағы шыкса, әкесі есік шегелеп жатыр екен. Әдеттегідей арсаландап жанына жетіп барған қызы:

– Әке, не істеп жатырсыз? – деп сұрады.

– Есік жасап жатырмын, қызым, – деді Қыдырхан әке.

– Жо-о, сіз мешайт жасап жатырсыз, – демесі бар ма кішкентай Құндыз. Сонда ол өзінің әкесіне ылғи кедергі жасап жүретінін түсінбейтін ғой. «Мешайтты» әлдебір зат деп қабылдап жүріпті бала көңіл.

Иә, «мешайт» жасағанда қандай, Құндыз әкесінің көзін ала бере, шегелерді біртіндеп тасып әкетіп, аулақтау жерге апарып, қаз-қатар тізіп қойып, қағып тастаған сәттері де болған. Сосын әкесінің тағы да бұркылдай сөйлеп, «маған кедергі жасап, екі жұмыс істетесің де қоясын» деп әлгі шегелерді біртіндеп суырып жүргені. Құндыздың үйде майысып кесте тігіп отыратыны, ал түзде темір-терсек жағалап жүретіні үшін аяулы әкесінің бірде:

– Осы Құндызым бір қарасам қызым, енді бір қарасам ұлым сияқты! – деп сүйсіне мейірленгені бар-ды.

Құндыздың бала күнінде осы шеге-балғаға «өш» болғандығы оны кейінгі өмірінде, жеке шығармашылығында көп көмегі тиді. Ол туралы сәл кейінірек.

БОЯУЛАР ҮНДЕСТІГІ

Шығыстың шалғай ауылынан келген арманшыл қыз Алматының жоғары оқу орнына түсті. Студенттік шағында майлы бояудан тәлімгері Талғат Бәкіұлы болса, тоқымадан Гүлжанат Кәкейқызы көп жол көрсетті. Кейінірек Құндыздың өзгеше туындыларынан бір ұшқынды байқаған әйгілі Дәркенбай ұста Шоқпарұлы оны гобеленнің анасы – Бәтима Зәуірбековамен таныстырады. Содан бастап

гобелен өнерінің соқпағына түсті. Ол әуелгі жұмысын әртүрлі кескіндегі триптихтан бастады. Технологиясы кәдімгі гобелен, бірақ техникасы мүлдем басқа. Оны тек інemen шұқшынып, көз майынды тауысып отырып тоқу керек. Үнемі қиын жолды таңдап алатын, ағысқа қарсы жүзіп жүретін Құндыз:

– Бәлкім, мен Бәтима апайға тартқан шығармын. Ол кісі де сол ғой, үнемі қиын жолда жүреді. Апайдың түсі қанық бірнеше бояуды қатар пайдаланатын әдісін меңгердім. Әдетте бояулардың көп қолданылуы жұмысты қиындата түседі, сосын ұзақ тоқылады. Түстерді бір-бірімен үйлестіру – өте күрделі жұмыс. Дегенмен, бояу түсі неғұрлым көп болған сайын, гобелен де соғұрлым көркем көрінеді. Бәтима Зәуірбекова маған өте қатал болды. Көп ұрысатын. Көзімнің жасын бір сығып алып, әрі қарай жұмысымды жалғастырып кете беретінмін. Арасында «неге ұрысты сонша» дейтінмін мұнайып. Сосын алдымдағы жұмысыма қайта үңіліп, теренінен, зерделей қараған кезімде, өз сұрағымның жауабын өзім таба қоятынмын, – дейді кейіпкеріміз күліп.

Тіпті, кезінде өзіне батырып айтқан ұстаздарына кейін арнайы барып, алғыс айтқан кездері де көп. Оның бәрі қандай да бір жетістікке жетуіне, алға ұмтылуына, бастаған ісін орта жолдан тастап кетпеуіне, жеңілмеуіне қамшы болғандығын түйсінді.

Бірде Қазақстан Суретшілер одағына ұсынған жұмысы өтпей қалғанда, қатты қамыққаны бар. Жігері құм болды. Ренжіді. Бірақ кектенген жоқ. Сол күні одақтың ғимаратынан шыға салып, жолай «Алтын орда» базарынан түсіп қалып, түрлі-түсті жіптер, сым-темірлер және басқа да керек-жарақтарын сатып алып, үйге келе, отыра қалып, жаңа да тың гобелен-құмырасын бастап кеткені бар.

ГОБЕЛЕН-ҚҰМЫРА

Гобелен төрт бұрышына мықты төрт шеге қағылып, қарулы қолмен керілетін жіптермен басталатын жұмыс. Мәселен, бояумен алаулап батып бара жатқан күннің



САЙЛАУ – 2023

ӘСЕТ МАТАЕВ

ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

1. Зейнетақыны, шәкіртақыны және дәрігерлер мен мұғалімдерге жалақыны көтереді
2. Зейнеткерлерді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесін шешеді
3. Зейнеткерлерге арналған коммуналдық қызметтерге тарифтерді субсидиялайды
4. Сумен үздіксіз қамтамасыз етеді
5. Нүктелі құрылысқа тыйым салады, тұрғын үйді заңдастырады
6. Жеке үйлерді газдандыру үшін субсидиялар енгізеді
7. Атышулы қылмыстық істерді тергеуді бастайды
8. Судьялардың сайлануын енгізеді

**19 НАУРЫЗДА
ДАУЫС БЕР**



**АЛМАТЫ: БОСТАНДЫҚ,
НАУРЫЗБАЙ, МЕДЕУ
АУДАНДАРЫ**

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидат А.С.Матаевтың сайлау қорына тиесілі қаражаттан төленді. Тапсырыс беруші: А.С.Матаев.

шапағын салып отырып, қателесіп кетер болсаңыз, оны үстінен бояулармен бастыра салуға, өзгеше құбылтып беруге болады. Ал тоқылатын гобеленнің кірпияздығы сонда, бояулар үндестігін беруде бір рет те жаңылысып кетпеуің керек. Осындай қиындықтарына қарамастан Құндыз гобелен-құмыраны қолға алды. Иә, ол бұл жұмысқа бақандай сегіз жыл дайындалды. Миында әбден пісіріп, жетілдірді.

